13. Олардың қосындысы нөлге тең болу үшін, 105; 98; 91 ... арифметикалық прогрессиясының қанша мүшесін алу қажет?

Жауабы: 31.

14. Арифметикалық прогрессияда жүз отыз мүше бар. Тақ орында тұрған мүшелерінің қосындысы 34-ке тең, жұп орында тұрған мүшелерінің қосындысы 21-ге тең. Прогрессияның айырмасын табыңыз.

Жауабы: $-0,2$.

15. Егер алғашқы үш мүшесінің қосындысы нөлге тең, ал алғашқы төрт мүшесінің қосындысы 1-ге тең болса, арифметикалық прогрессияның он екі мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 27.

16. $\begin{cases} a_n = 55; \\ a_2 + a_5 = 32,5; \\ S_{15} = 412,5 \end{cases}$ арифметикалық прогрессиясындағы n-ді табыңыз.

Жауабы: 19.

17. $\begin{cases} a_3 + a_7 = 6, \\ a_3 \cdot a_7 = 8 \end{cases}$ кемімелі арифметикалық прогрессиясы үшін S_{16}-ны табыңыз.

Жауабы: 20.

18. Егер оның үшінші мүшесі 9-ға тең болса, ал жетінші және екінші мүшелерінің айырмасы 20-ға тең болса, олардың қосындысы 91 құрауы үшін, арифметикалық прогрессияның қанша мүшесін алу қажет?

Жауабы: 7.

19. $\begin{cases} S_3 = 9, \\ S_4 = 16, \\ S_n = 100 \end{cases}$ арифметикалық прогрессиясындағы $(a_1 \cdot d \cdot n)$-ді табыңыз.

Жауабы: 20.

www.nismath.org

20. Арифметикалық прогрессияның сегізінші мүшесі төртінші мүшенің 40%-ын құрайды, ал олардың қосындысы 2,8-ге тең. Олардың қосындысы 14,3-ке тең болу үшін, осы прогрессияның қанша мүшесін алу қажет?

Жауабы: 13.

21. Өспелі арифметикалық прогрессияның бірінші және бесінші мүшелерінің қосындысы 26-ға тең, ал екінші және төртінші мүшелердің көбейтіндісі 160-қа тең. Прогрессияның алғашқы алты мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 87.

22. $\begin{cases} a_1 + a_4 + a_7 = 45 \\ a_4 \cdot a_6 = 315 \end{cases}$ орындалатындай, арифметикалық прогрессияның жиырма мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 690.

23. Арифметикалық прогрессияның барлық мүшелері натурал сандар. Оның алғашқы тоғыз мүшесінің қосындысы 200-ден артық, бірақ 220-дан кем. Егер екіншісі 12-ге тең болса, осы прогрессияның бесінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 24.

24. Оның барлық мүшелерінің қосындысы 112, екінші мүшесінің айырмаға көбейтіндісі 30, ал үшінші және бесінші мүшелерінің қосындысы 32-ге тең болса, арифметикалық прогрессия мүшелерінің санын табыңыз.

Жауабы: 7.

25. 5-ке еселі барлық үш таңбалы сандардың қосындысы қаншаға тең?

Жауабы: 98 550.

26. Егер $a_1 = 6$, $a_{10} = 33$ болып, ал барлық мүшелерінің қосындысы 405-ке тең болса, арифметикалық прогрессия мүшелерінің санын табыңыз.

Жауабы: 15.

27. 4-ке бөлгенде, 3-ке тең қалдық шығатын,барлық екі таңбалы сандардың қосындысын табыңыз.

Жауабы: 1 265.

www.nismath.org

28. Арифметикалық прогрессияның алғашқы сегіз мүшелерінің қосындысы 32-ге тең, ал алғашқы жиырма мүшесінің қосындысы 200-ге тең. Алғашқы жиырма сегіз мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 392.

29. Арифметикалық прогрессияның үшінші мүшесі 10, ал сегізіншісі 30. Қосындысы 242-ге тең болу үшін, қанша мүшені алу керек?

Жауабы: 11.

30. 10 200-ге тең қосындыны алу үшін 3; 5; 7; 9 ... арифметикалық прогрессиясының қанша мүшесін алу қажет?

Жауабы: 100.

5.1.3

3-тобы. Арифметикалық прогрессияның қасиеттері қолданылатын есептер

1. Арифметикалық прогрессияның алғашқы төрт мүшесінің қосындысы 56-ға тең, ал соңғы төрт мүшесінің қосындысы 112-ге тең. Егер оның бірінші мүшесі 11-ге тең болса, прогрессия мүшелерінің санын табыңыз.

Жауабы: 11.

2. Арифметикалық прогрессияның алғашқы төрт мүшесінің қосындысы 40-қа тең, соңғы төрт мүшесінің қосындысы 104-ке тең, ал осы прогрессияның барлық мүшелерінің қосындысы 216-ға тең. Осы прогрессияда қанша мүше бар?

Жауабы: 12.

3. Оның алғашқы төрт мүшесінің қосындысы 26, соңғы төрт мүшесінің қосындысы 110, ал барлық мүшелерінің қосындысы 187 екенін біле отырып, арифметикалық прогрессияны құрайтын сандарды табыңыз.

Жауабы: 2; 5; 8 ...

4. $\lg\left(5^x-4\right)$; $\lg 3$ және $\lg\left(5^x+4\right)$ үш сан x-тің қандай мәндерінде арифметикалық прогрессия құрайды?

Жауабы: 1.

www.nismath.org

5. $\lg(2^x-1)$; $\frac{1}{2}\lg 31$ және $\lg(2^x+1)$ үш сан x-тің қандай мәндерінде арифметикалық прогрессия құрайды?

Жауабы: 2,5.

6. $2\sqrt{x}$; $\sqrt{7x+8}$ және $4\sqrt{x}$ тізбегі x-тің қандай мәндерінде арифметикалық прогрессия құрайды?

Жауабы: 4.

7. $\sqrt{2x+9}$; $\sqrt{5x}$ және $\sqrt{8x+9}$ тізбегі x-тің қандай мәндерінде арифметикалық прогрессия құрайды?

Жауабы: 20.

8. $\lg 4$; $\lg(9^x+5)$; $\lg(9^x+13)$ сандары x-тің қандай мәндерінде арифметикалық прогрессия құрайтынын анықтаңыз.

Жауабы: 0,5.

9. $2\cos\frac{\pi}{6}$; $4\sin\alpha$; $6\sin(\pi-\alpha)$ сандары α-ның қандай мәндерінде, арифметикалық прогрессияның тізбектес мүшелері болып табылады?

Жауабы: $(-1)^k\frac{\pi}{3}+\pi k$; $k\in\mathbb{Z}$.

10. $\sin x$; $\sin 2x$; $\sin 3x$ арифметикалық прогрессияның тізбектес үш мүшелері берілген. x табыңыз.

Жауабы: $\frac{\pi k}{2}$; $k\in\mathbb{Z}$.

5.1.4

4-тобы. Арифметикалық прогрессияның дәстүрлі емес есептері

1. Арифметикалық прогрессияның төртінші және оныншы мүшелерінің қосындысы 10-ға тең. Алғашқы 13 мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 65.

2. $50^2-49^2+48^2-47^2+\ldots+2^2-1$ қосындысын табыңыз.

Жауабы: 1 275.

www.nismath.org

3. Теңдеуді шешіңіз: $\frac{x-1}{x}+\frac{x-2}{x}+...+\frac{1}{x}=3$.

Жауабы: 7.

4. Теңдеуді шешіңіз: $2+5+8+...+x=155$.

Жауабы: 29.

5. Арифметикалық прогрессия берілген.

$4a_9^2-4a_1\cdot a_9+a_1^2-a_{17}^2+\frac{1}{2}$ есептеп шығарыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{2}$.

6. Тік бұрышты үшбұрыштың қабырғалары арифметикалық прогрессияны құрайды. Үшбұрыштың периметрі 24-ке тең. Үшбұрыштың ауданын табыңыз.

Жауабы: 24.

7. Егер $a_4+a_8+a_{12}+a_{16}=224$ екендігі белгілі болса, онда арифметикалық прогрессияның алғашқы 19 мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 1 064.

8. Теңдеуді шешіңіз: $2+6+10+...+2x=242$.

Жауабы: 21.

9. Кез-келген n үшін белгілі бір арифметикалық прогрессияның мүшелерінің қосындысы $S_n=4n^2-3n$ формуласы түрінде өрнектелетіні белгілі. Осы прогрессияның алғашқы үш мүшесінің көбейтіндісін табыңыз.

Жауабы: 153.

10. Арифметикалық прогрессияның алғашқы бес мүшесінің қосындысы оның келесі бес мүшесінің қосындысынан 50-ге кем. Прогрессияның оныншы мүшесі екіншісінен қаншаға артық?

Жауабы: 16.

11. 13-ке бөлінбейтін барлық үш таңбалы сандардың қосындысын табыңыз.

Жауабы: 456 876.

www.nismath.org

12. 17-ге бөлінбейтін барлық үш таңбалы сандардың қосындысын табыңыз.

Жауабы: 465 718.

13. Теңдеуді шешіңіз: $3^3 \cdot 3^5 \cdot 3^7 \cdot \ldots \cdot 3^{2x-1} = 27^5 \quad (x \in \mathbb{N})$.

Жауабы: 4.

14. Тік бұрышты үшбұрыштың қабырғалары арифметикалық прогрессияны құрайды. Егер оның ауданы 6-ға тең болса, үшбұрыштың периметрін табыңыз.

Жауабы: 12.

15. Төрт таңбалы сандардың цифрларының қосындысы 16-ға тең. Егер оның цифрлары арифметикалық прогрессияны құрайтын болса және бірлік цифры жүздік цифрдан 4-ке артық екендігі белгілі болса, онда осы санды табыңыз.

Жауабы: 1 357.

16. Көпбұрыштың периметрі 158-ге тең, олардың қабырғаларының ұзындықтары арифметикалық прогрессияны құрайды. Прогрессияның айырмасы 3-ке тең. Көпбұрыштың ең үлкен қабырғасы 44-ке тең. Көпбұрыштың қанша қабырғасы бар?

Жауабы: 4.

17. Айырмасы 10° арифметикалық прогрессияны құрайтын, дөңес көпбұрыштың ішкі бұрыштарының ең кішісі 100° екендігі белгілі. Осы көпбұрыштың қабырғаларының санын табыңыз.

Жауабы: 8.

18. Үшбұрыштың ең кіші катеті a-ға тең, қабырғалары арифметикалық прогрессияны құрайды. Ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{2}{3}a^2$.

19. Арифметикалық прогрессияның бірінші мүшесі бірге тең. d прогрессия айырмасының қандай мәнінде $\left(a_1 \cdot a_3 + a_2 \cdot a_3\right)$ шамасы ең кіші мәнге ие болады?

Жауабы: $-\frac{5}{4}$.

5.2.1
www.nismath.org

§ 2. ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПРОГРЕССИЯ

1-тобы. Геометриялық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласы

1. Геометриялық прогрессияның бесінші мүшесін табыңыз, егер $b_3+b_4=36$, $b_2+b_3=18$.

Жауабы: 48.

2. Геометриялық прогрессияның $b_n=3$, $b_{n+8}=243$ екі мүшесі белгілі. b_{n+3} қаншаға тең?

Жауабы: $\pm 9\sqrt{3}$.

3. Осы сандармен бірге геометриялық прогрессияны құрайтындай, 243 және 1 сандары арасына төрт санды орналастырыңыз.

Жауабы: 81; 27; 9; 3.

4. Геометриялық прогрессияның тоғызыншы мүшесінің алтыншы мүшесіне қатынасы $\frac{1}{8}$-ге тең. Егер оның бесінші мүшесі 3-ке тең болса, прогрессияның бірінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 48.

5. Кемімелі геометриялық прогрессияның екінші мүшесі 192, ал төртінші мүшесі 48. Осы прогрессияның қанша мүшесі екі таңбалы натурал сандар болып табылады?

Жауабы: 4.

6. Үш сан геометриялық прогрессияны құрайды. Олардың көбейтіндісі 64-ке тең, ал олардың арифметикалық ортасы $\frac{14}{3}$-ке тең. Прогрессияның бірінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 2 немесе 8.

7. Үш сан геометриялық прогрессия құрайды. Оның екінші және үшінші мүшелерінің арифметикалық ортасы 20-ға тең, ал бірінші және екінші мүшелерінің арифметикалық ортасы 5-ке тең. Осы сандарды табыңыз.

Жауабы: 2; 8; 32.

www.nismath.org

8. Егер бірінші және төртінші мүшелердің қосындысы 35, ал екінші және үшінші мүшелердің қосындысы 30 болса, геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз, мұндағы прогрессия өспелі екендігі белгілі.

Жауабы: $\frac{3}{2}$.

9. Оның үшінші мүшесі біріншісінен 9-ға артық, ал екіншісі төртіншісінен 18-ге артық болса, геометриялық прогрессияны құрайтын, төрт санды табыңыз.

Жауабы: 3; –6; 12; –24.

10. Егер алғашқы екі мүшесінің қосындысы 6-ға тең, ал алғашқы үш мүшесінің қосындысы 7-ге тең болса, геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: $-\frac{1}{3}$ немесе $\frac{1}{2}$.

11. Егер үшінші және жетінші мүшелерінің көбейтіндісі 144-ке тең болса, геометриялық прогрессияның бесінші мүшесі қаншаға тең?

Жауабы: ± 12.

12. $b_1 = \frac{1}{81}$, $q = 3$ геометриялық прогрессиясындағы 27-ге тең мүшесінің нөмірін табыңыз.

Жауабы: 8.

13. $\frac{3\,750}{243}$ санының 2; $\frac{10}{3}$; $\frac{50}{9}$ … тізбегіне тиістілігін анықтаңыз және оның нөмірін көрсетіңіз.

Жауабы: Иә (5).

14. Егер алғашқы үш мүшелерінің қосындысы 26, ал соңғы үш мүшесінің қосындысы 2 106-ға тең болса, онда 7 мүшеден құралған, геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз. Прогрессия мүшелері - натурал сандар.

Жауабы: 3.

15. Геометриялық прогрессия мүшелері-натурал сандар. Үшінші мүшесі бірінші мүшенің кубына тең. Оның алғашқы үш мүшесінің қосындысы бірінші мүшеден 7 есе артық. Прогрессияны табыңыз.

Жауабы: 2; 4; 8 …

www.nismath.org

16. (b_n) тізбегі – геометриялық прогрессия, мұндағы $\frac{b_{10}}{b_8}=9$, $b_4+b_6=540$. b_1-ді табыңыз.

Жауабы: ± 2.

17. (b_n) – геометриялық прогрессия, мұндағы $b_1+b_2+b_3=14$, $b_1^2+b_2^2+b_3^2=84$. b_1, q-ді табыңыз.

Жауабы: 2; 2 немесе 8; $\frac{1}{2}$.

18. Алғашқы төрт мүшесінің қосындысы 40-қа тең, ал төртінші мүшесінен бастап, жетінші мүшесін қоса алғанда мүшелердің қосындысы 1 080-ге тең болса, геометриялық прогрессияның b_1 және q табыңыз.

Жауабы: 1; 3.

19. Геометриялық прогрессияның алғашқы үш мүшесінің қосындысы 21-ге тең, ал олардың квадраттарының қосындысы 189-ға тең. Прогрессияның бірінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 3 немесе 12.

20. Геометриялық прогрессияның төртінші мүшесі екінші мүшесінен 24-ке артық, ал екінші және үшінші мүшелердің қосындысы 6-ға тең. Осы прогрессияның төртінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 25.

21. Алғашқы үш мүшесінің қосындысы 10,5-ке, ал бірінші және төртінші мүшелерінің айырмасы 31,5-ке тең, геометриялық прогрессияның бірінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 3,5.

22. Егер олардың қосындысы 21-ге тең болса, ал кері шамаларының қосындысы $\frac{7}{12}$-ге тең болса, мүшелері оң геометриялық прогрессияны құрайтын үш санның арасындағы ең үлкенін табыңыз.

Жауабы: 12.

www.nismath.org

23. Геометриялық прогрессияның бірінші мүшесі мен еселігін анықтаңыз, ондағы $\begin{cases} b_5 - b_1 = 15, \\ b_4 - b_2 = 6. \end{cases}$

Жауабы: 1; 2 немесе –16; $\frac{1}{2}$.

24. Егер бірінші және үшінші мүшелерінің қосындысы 52-ге тең, ал екіншісінің квадраты 100-ге тең екендігі белгілі болса, геометриялық прогрессияны құрайтын үш санды табыңыз.

Жауабы: 50; 10; 2 немесе 50; –10; 2.

25. Соңғы мүшелерінің қосындысы 27-ге тең, ал ортаңғы мүшелерінің көбейтіндісі 72-ге тең болса, өспелі геометриялық прогрессияны құрайтын, төрт санды табыңыз.

Жауабы: 3; 6; 12; 24.

26. Осы екі сандармен бірге өспелі геометриялық прогрессияны құрайтындай, 5 және 405 сандарының арасына үш санды орналастырыңыз.

Жауабы: 15; 45; 135.

27. Геометриялық прогрессияның үшінші мүшесі 3-ке тең. Осы прогрессияның алғашқы бес мүшесінің көбейтіндісін табыңыз.

Жауабы: 243.

28. Геометриялық прогрессияның мүшелерінің санын табыңыз, мұндағы $b_1 = 2$, $q = 4$, $b_n = 2\,048$.

Жауабы: 6.

29. –8; 4; –2 … геометриялық прогрессияның нешінші мүшесінен бастап, абсолюттік шамасы бойынша 0,001 кем болады?

Жауабы: 14.

30. $b_1, \ldots, b_{11}$ – және $b_1 \cdot b_3 \cdot b_{11} = 8$ геометриялық прогрессия екендігі белгілі. $\left(b_2 \cdot b_8\right)$ табыңыз.

Жауабы: 4.

5.2.2 www.nismath.org

2-тобы. Геометриялық прогрессияның алғашқы мүшелерінің n қосындыларының формулалары

1. Геометриялық прогрессия мүшелерінің санын табыңыз, егер $b_2+b_3=18$, $b_4-b_2=18$, $S_n=93$.

Жауабы: 5.

2. Мүшелері оң геометриялық прогрессиясында $b_3=12$, $b_5=48$. Қосындысы 189-ға тең болу үшін, біріншісінен бастап қанша мүше алу керек?

Жауабы: 6.

3. Геометриялық прогрессияның мүшелерінің санын табыңыз, мұндағы $b_4+b_5=24$, $b_6-b_4=24$, $S_n=127$.

Жауабы: 7.

4. $S_2=4$, $S_3=13$ мүшелері оң геометриялық прогрессиясы берілген. S_4 табыңыз.

Жауабы: 40.

5. Геометриялық прогрессия мүшелерінің санын анықтаңыз, ондағы $b_1=2$, $b_n=\frac{1}{8}$, $S_n=3\frac{7}{8}$.

Жауабы: 5.

6. Геометриялық прогрессияның жиырма сегіз мүшесі бар. Тақ орында тұратын мүшелердің қосындысы 60, жұп орында тұратын мүшелердің қосындысы 75-ке тең. Прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: $\frac{5}{4}$.

7. Өспелі геометриялық прогрессияның алғашқы төрт мүшесінің қосындысы 15-ке тең, ал келесі төрт мүшесінің қосындысы 240-қа тең. Осы прогрессияның алғашқы алты мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 63.

www.nismath.org

8. Мүшелері оң геометриялық прогрессияның бесінші және екінші мүшелерінің айырмасы 234-ке тең, ал үшінші және екінші мүшелерінің айырмасы 18-ге тең. Қосындысы 120 болу үшін, осы прогрессияның қанша мүшесін алу қажет?

Жауабы: 4.

9. $b_1+b_3+b_5=182$, $b_2+b_4+b_6=546$ геометриялық прогрессиясы берілген. Қосындысы 242 болу үшін, осы прогрессияның қанша мүшесін алу қажет?

Жауабы: 5.

10. Өспелі геометриялық прогрессияның алғашқы үш мүшесінің қосындысы 13-ке тең, ал көбейтіндісі 27-ге тең. Осы прогрессияның алғашқы бес мүшесінің қосындысын есептеп шығарыңыз.

Жауабы: 121.

11. Геометриялық прогрессияның сегізінші мүшесін анықтаңыз, мұндағы $b_1=3$, $b_n=96$, $S_n=189$.

Жауабы: 384.

12. Егер $\begin{cases} b_6-b_4=216, \\ b_3-b_1=8, \\ S_n=40 \end{cases}$ болса, геометриялық прогрессияның мүшелерінің санын анықтаңыз.

Жауабы: 4.

13. Геометриялық прогрессияның бірінші мүшесі 3-ке тең, ал соңғы мүшесі 24-ке тең. Егер оның қосындысы еселігінен 43-ке артық болса, онда прогрессияның еселігін анықтаңыз.

Жауабы: 2.

14. Геометриялық прогрессияның алғашқы үш мүшесінің қосындысы 12-ге тең, ал алғашқы алты мүшесінің қосындысы (-84)-ке тең. Прогрессияның үшінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 16.

www.nismath.org

15. Геометриялық прогрессияның бірінші мүшесін табыңыз, мұндағы $\frac{b_1+b_3}{b_2+b_4}=2$, $S_5=279$.

Жауабы: 144.

16. Шыққан қосынды 3 066-ға тең болу үшін 6; 12; 24 ... геометриялық прогрессияның қанша мүшесін қосу керек?

Жауабы: 9.

17. $0,02+0,06+0,18+...+43,74$ қосылғыштары геометриялық прогрессияны құрайтын қосындыны табыңыз.

Жауабы: 65,6.

18. Қосындыны табыңыз: $1+2+2^2+...+2^8$.

Жауабы: 511.

19. Барлық мүшелері оң болатын, геометриялық прогрессияның алғашқы үш мүшесінің қосындысы 221-ге тең. Осы прогрессияның үшінші мүшесі біріншісінен 136-ға артық. Осы прогрессияның алғашқы алты мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 6 188.

20. $b_1=2$, $b_n=1024$, $S_n=2046$ геометриялық прогрессиясы берілген. Онын мүшелерінің санын табыңыз.

Жауабы: 10.

5.2.3

3-тобы. Геометриялық прогрессияның қасиеттерін қолданатын есептер

1. 1; $\sqrt{y}$; $3\sqrt{y}+4$ сандары – геометриялық прогрессияның тізбектес мүшелері болатындай y-ті табыңыз.

Жауабы: 16.

2. y-тің қандай мәндерінде, $y-\frac{1}{3}$; $3y-1$; $2y+4$; $7y+11$ сандары геометриялық прогрессияның тізбектес мүшелері болып табылады?

Жауабы: 1.

www.nismath.org

3. x-тің қандай мәндерінде, $\sqrt{x-5}$; $\sqrt[4]{10x+4}$; $\sqrt{x+2}$ сандары геометриялық прогрессияның тізбектес мүшелері болып табылады?

Жауабы: 14.

4. a; b; c; d сандары геометриялық прогрессияны құрайды. $(a-c)^2+(b-c)^2+(b-d)^2-(a-d)^2$ табыңыз.

Жауабы: 0.

5. x-тің қандай мәндерінде x; $\sqrt[4]{10x}$; $x^{\lg x}$ тізбегі геометриялық прогрессия болады?

Жауабы: 0,1 немесе $\sqrt{10}$.

6. $30-x^2$; x^2; 1 сандары геометриялық прогрессияның тізбектес мүшелері болып табылатындай x-ті табыңыз.

Жауабы: $\pm\sqrt{5}$.

7. Өспелі геометриялық прогрессияның бірінші және соңғы мүшелерінің қосындысы 99-ға тең, екінші және соңғысының алдындағы мүшелерінің көбейтіндісі 288-ге тең, ал барлық мүшелердің қосындысы 189-ға тең. Геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: 2.

5.2.4

4-тобы. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның есептері

1. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы 9-ға тең, ал прогрессия мүшелерінің квадраттарының қосындысы 40,5-ке тең. Прогрессияны табыңыз.

Жауабы: 6; 2; $\frac{2}{3}$ ...

2. Екінші мүшесі 6-ға тең, ал мүшелерінің қосындысы оның мүшелерінің квадраттарының қосындысының $\frac{1}{8}$-не тең, шексіз кемімелі геометриялық прогрессияны анықтаңыз.

Жауабы: 12; 6; 3 ...

www.nismath.org

3. Теңдеуді шешіңіз: $\frac{1}{x}+1+x+x^2+\ldots+x^n+\ldots=\frac{9}{2}\ \left(|x|<1\right)$.

Жауабы: $\frac{1}{3}$; $\frac{2}{3}$.

4. Теңдеуді шешіңіз: $2^{x-4}+2^{x-2}+2^{x-1}=6{,}5+3{,}25+1{,}625+\ldots$.

Жауабы: 4.

5. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның бірінші мүшесі 2-ге тең, ал оның қосындысы 5-ке тең. Алдыңғы прогрессияның мүшелерінің квадраттарынан құралған, геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 6,25.

6. Қосындысы 2,25-ке тең, ал екінші мүшесі 0,5-ке тең шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{3}$ немесе $\frac{2}{3}$.

7. Қосындыны табыңыз: $\sqrt{3}+\frac{\sqrt{3}}{2+\sqrt{3}}+\frac{2\sqrt{3}-3}{2+\sqrt{3}}+\ldots$

Жауабы: $\frac{3+\sqrt{3}}{2}$.

8. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы 4-ке тең, ал оның мүшелерінің кубтарының қосындысы $9\frac{1}{7}$-ге тең. Осы прогрессия мүшелерінің квадраттарының қосындысын табыңыз.

Жауабы: $\frac{16}{3}$.

9. Есептеңіз: $\sqrt{5\sqrt{5\sqrt{5\sqrt{5\ldots}}}}$.

Жауабы: 5.

10. Есептеңіз: $-\frac{16}{3}+\frac{8}{3}-\frac{4}{3}+\frac{2}{3}-\ldots$

Жауабы: $-3\frac{5}{9}$.

www.nismath.org

11. $b_1 \cdot b_3 \cdot b_5 = -64$, $b_2 + b_4 = 10$ болатындай шексіз кемімелі геометриялық прогрессия берілген. S-ті табыңыз.

Жауабы: $-\frac{32}{3}$.

12. a-ның қандай мәндерінде $2a;\ a\sqrt{2}\ \ldots$ шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы 8-ге тең болады?

Жауабы: $4-2\sqrt{2}$.

13. Алдыңғы екі мүшелерінің қосындысы 48-ге тең, ал барлық мүшелерінің қосындысы 49-ға тең, шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның бірінші мүшесі мен еселігін табыңыз.

Жауабы: 42; $\frac{1}{7}$ немесе 56; $-\frac{1}{7}$.

14. Мүшелері оң шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның алғашқы екі мүшесінің квадраттарының айырмасы 27-ге тең, ал оның мүшелерінің квадраттарынан құралған прогрессияның қосындысы 48-ге тең. Осы прогрессияны табыңыз.

Жауабы: 6; 3; 1,5 …

15. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы 64-ке тең, ал оның алғашқы үш мүшесінің қосындысы 65-ке тең. Прогрессияның үшінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 5.

16. Есептеңіз: $\frac{3}{7}+1+\frac{9}{49}+\frac{1}{3}+\frac{27}{343}+\frac{1}{9}+\ldots$

Жауабы: $2\frac{1}{4}$.

17. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның мүшелерінің қосындысы, оның бірінші мүшесінен 3 есе артық. $\frac{b_2}{b_4}$ қатынасын табыңыз.

Жауабы: $\frac{9}{4}$.

www.nismath.org

18. Алғашқы алты мүшесінің қосындысы оның барлық мүшелерінің қосындысының $\frac{7}{8}$-ін құрайтынын біле отырып, шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: $\pm\frac{1}{\sqrt{2}}$.

19. Мүшелері оң шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның алғашқы үш мүшесінің қосындысы 10,5-ке тең, ал прогрессияның қосындысы 12-ге тең. Прогрессияның екінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 3.

20. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның барлық мүшелері оң. Алғашқы үш мүшесінің қосындысы 39-ға тең, ал осы мүшелердің кері шамаларының қосындысы $\frac{13}{27}$-ке тең. Прогрессияның қосындысын табыңыз.

Жауабы: 40,5.

5.2.5

5-тобы. Геометриялық прогрессияға арналған дәстүрлі емес есептер

1. Геометриялық прогрессия 6 мүшеден тұрады. Алғашқы үш мүшесінің қосындысы, соңғы үш мүшесінің қосындысынан 8 есе кем екенін біле отырып, оның еселігін табыңыз.

Жауабы: 2.

2. Өспелі геометриялық прогрессияны құрайтын үш санның қосындысы 42-ге тең. Негізі 2 болғандағы осы сандардың логарифмдерінің қосындысы 9-ға тең. Прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: 4.

3. Геометриялық прогрессия мүшелерінің оныншысынан бастап, он алтыншысын қоса есептегендегі көбейтіндісі $125\sqrt{5}$-ке тең. Прогрессияның он үшінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{5}$.

4. Теңдеуді шешіңіз: $\frac{1}{2}-\frac{1}{4}+\frac{1}{8}-\frac{1}{16}+\ldots-\frac{1}{1\,024}=\frac{x+1}{512}$.

Жауабы: 169,5.

www.nismath.org

5. Геометриялық прогрессияның он жетінші және жиырма жетінші мүшелерінің көбейтіндісі 9,3-ке тең. Осы прогрессияның он бірінші және отыз үшінші мүшелерінің көбейтіндісін табыңыз.

Жауабы: 9,3.

6. Геометриялық прогрессияның әрбір мүшесі келесі екі мүшелерінің қосындысының алтыдан біріне тең. Егер $b_1 = 1$ болса, оның еселігін табыңыз.

Жауабы: -3; 2.

7. Өспелі геометриялық прогрессиясының әрбір b_n мүшесі $b_{n+1} = 2b_n + 3b_{n-1}$ $(n \geq 2)$ шартын қанағаттандырады. Егер $b_1 = 1$ болса, прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: 3.

8. Әр бөліктің келесі бөлікке қатынасы $\frac{1}{5}$-ге тең болатындай, 7 812 санын алты бөлікке бөліңіз.

Жауабы: 2; 10; 50; 250; 1 250; 6 250.

9. Он үшінші мүшесінен бастап, прогрессияның он екі мүшесінің қосындысы, оның алғашқы он екі мүшелерінің қосындысының 40%-ін құраса, кемімелі геометриялық прогрессияның үшінші мүшесінің оның он бесінші мүшесіне қатынасын табыңыз.

Жауабы: $\frac{5}{2}$.

10. Геометриялық прогрессияның бірінші мүшесі бірге тең. Прогрессия еселігінің қандай мәндерінде, $(4b_2 + 5b_3)$ шамасының мәні аз болады?

Жауабы: $-\frac{2}{5}$.

11. b_1, b_2, ... геометриялық прогрессиясының бірінші мүшесі 2-ге тең. Прогрессия еселігінің қандай мәндерінде, $(6b_2 + 5b_3)$ шамасының мәні аз болады?

Жауабы: $-0,6$.

www.nismath.org

12. Геометриялық прогрессияның он сегізінші және жиырма үшінші мүшелерінің көбейтіндісі 1,9-ға тең. Осы прогрессияның он екінші және жиырма тоғызыншы мүшелерінің көбейтіндісін табыңыз.

Жауабы: 1,9.

13. Геометриялық прогрессияның $b_5 = \sqrt[3]{2}$. Осы прогрессияның алғашқы тоғыз мүшелерінің көбетіндісін табыңыз.

Жауабы: 8.

14. Геометриялық прогрессияның n мүшесінің қосындысы $S_n = 10 \cdot \left(2^n - 1\right)$ формуласы бойынша есептеледі. Осы прогрессияның жетінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 640.

15. 155 санын үш бөлікке бөлгенде, шыққан сандар геометриялық прогрессияны құрайтын болсын, мұндағы бірінші мүше үшіншісінен 120-ға кем болуы керек. Осы үш бөлікті табыңыз.

Жауабы: 5; 25; 125.

16. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысы $f(x) = x^3 + 3x - 9$ функциясының $[-2; 3]$ аралығындағы ең үлкен мәніне тең, ал $b_1 - b_2 = f'(0)$. Прогрессияның еселігі нешеге тең?

Жауабы: $\frac{2}{3}$.

17. n-нің кез-келген натурал мәндерінде, геометриялық прогрессияның алғашқы n мүшелерінің қосындысы, $S_n = 3 \cdot \left(2^n - 1\right)$ формуласы бойынша есептеледі. Осы прогрессияның бесінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 48.

18. Геометриялық прогрессияның үш тізбектес мүшелерінің қосындысы 62-ге тең, ал олардың ондық логарифмдерінің қосындысы 3-ке тең. Прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: 5 немесе $\frac{1}{5}$.

www.nismath.org

19. Бірінші және үшінші мүшелерінің қосындысы 35-ке тең, ал алғашқы бес мүшесінің қосындысы олардың кері шамаларының қосындысынан 49 есе артық. Геометриялық прогрессияның бірінші мүшесін табыңыз.

Жауабы: 28.

20. Тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары геометриялық прогрессияны құра ала ма?

Жауабы: Құра алады, $q=\sqrt{\frac{1+\sqrt{5}}{2}}$.

21. Геометриялық прогрессияның алғашқы он екі мүшелерінің көбейтіндісін бірінші мүшенің он бірінші дәрежесіне бөліңіз. Геометриялық прогрессияның қандай мүшесі шығады?

Жауабы: прогрессияның алпыс жетінші мүшесі.

5.2.6

6-тобы. Арифметикалық және геометриялық прогрессияға аралас есептер

1. a; b; c; k бүтін сандарының алғашқы үшеуі арифметикалық прогрессияны, ал соңғы үшеуі –геометриялық прогрессияны құрайды. Егер $a+k=36$, $b+c=27$ болса, k санын табыңыз.

Жауабы: 36.

2. Өспелі геометриялық прогрессияны құрайтын үш сандардың қосындысы 26-ға тең, егер осы сандарға сәйкесінше 1; 7 және 5 сандарын қоссақ, онда шыққан сандар арифметикалық прогрессияны құрайды. Геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: 3.

3. Өспелі арифметикалық прогрессияның алғашқы үш мүшесінің қосындысы 15-ке тең. Егер осы прогрессияның алғашқы екі мүшелерінен бірді алып тастасақ, ал үшінші санына бірді қоссақ, онда шыққан сандар геометриялық прогрессияны құрайды. Арифметикалық прогрессияның алғашқы 10 мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 120.

www.nismath.org

4. Үшіншісі 12-ге тең үш сан геометриялық прогрессия құрайды. Егер 12 санының орнына 9 алсақ, онда үш сан арифметикалық прогрессияны құрайды. Осы сандарды табыңыз.

Жауабы: 3; 6; 12 немесе 27; 18; 12.

5. Геометриялық прогрессияны құрайтын үш санның қосындысы 26-ға тең. Егер бірінші санды өзгеріссіз қалдырсақ, екіншісін 3-ке арттырсақ, ал үшіншісін 2-ге кемітсек, онда шыққан сандар арифметикалық прогрессияны құрайды. Алғашқы сандарды табыңыз.

Жауабы: 2; 6; 18 немесе 18; 6; 2.

6. Геометриялық прогрессияның барлық мүшелері әртүрлі. b_1, b_2, z және b_3 арифметикалық прогрессияның келесі төрт мүшелері болып табылатындай, оның екінші және үшінші мүшелерінің арасына z санын қоюға болады. Еселігін табыңыз.

Жауабы: 2.

7. Бес әртүрлі сан арифметикалық прогрессияны құрайды. Егер оның екінші және үшінші мүшелерін алып тастасақ, онда қалған үш сан геометриялық прогрессияны құрайды. Оның еселігін табыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{3}$.

8. Егер $b_1 = 1$, ал b_2, b_3, b_5 сандары арифметикалық прогрессияның тізбектес мүшелері болып табылса, кемімелі геометриялық прогрессияның еселігін табыңыз.

Жауабы: $\frac{\sqrt{5}-1}{2}$.

9. Өспелі геометриялық прогрессияны құрайтын үш санның қосындысы 56-ға тең. Егер олардан сәйкесінше 1; 7 және 21 сандарын алып тастасақ, онда жаңадан шыққан сандар арифметикалық прогрессияны құрайды. Геометриялық прогрессияның он мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 8 184.

10. Өспелі арифметикалық прогрессияны құрайтын үш санның қосындысы 15-ке тең. Егер оларға сәйкесінше 1; 4 және 19 сандарын қоссақ, онда шыққан сандар геометриялық прогрессияны құрайды. Геометриялық прогрессияның сегіз мүшесінің қосындысын табыңыз.

Жауабы: 9 840.

www.nismath.org

11. Төрт сан арифметикалық прогрессияны құрайды. Егер оларға сәйкесінше 1; 1; 3; 9 сандарын қоссақ, онда геометриялық прогрессия шығады. Осы сандарды табыңыз.

Жауабы: 1; 3; 5; 7.

12. Төрт сан геометриялық прогрессияны құрайды. Егер бірінші саннан 11-ді, екіншіден 1-ді, үшіншіден 3-ті, ал төртіншіден 9-ды алып тастасақ, онда арифметикалық прогрессия шығады. Осы сандарды табыңыз.

Жауабы: 27; 9; 3; 1.

13. Айырмасы нөлден өзгеше, арифметикалық прогрессияның екінші, бірінші және үшінші мүшелері, осы тәртіппен геометриялық прогрессияны құрайды. Оның еселігін табыңыз.

Жауабы: -2.

14. 3 және белгісіз сан арасына бір сан қойылған, сонда барлық үш сан арифметикалық прогрессияны құрайды. Егер ортаңғы мүшесін 6-ға кемітсек, онда геометриялық прогрессия шығады. Белгісіз санды табыңыз.

Жауабы: 3 немесе 27.

15. Егер геометриялық прогрессияның үшінші мүшесінен 4-ті алып тастасақ, онда алғашқы үш мүшесі айрымасы 2 болатын, арифметикалық прогрессияны құрайды. Алғашқы геометриялық прогрессияны табыңыз.

Жауабы: 1, 3, 9 ...

16. Үш сан геометриялық прогрессияны құрайды. Егер ортаңғы мүшесін екі еселесек, онда арифметикалық прогрессия шығады. Прогрессияның еселігін анықтаңыз.

Жауабы: $2\pm\sqrt{3}$.

17. Өспелі арифметикалық прогрессияның бірінші мүшесі және өспелі геометриялық прогрессияның бірінші мүшесі 3-ке тең. Арифметикалық прогрессияның екінші мүшесі, геометриялық прогрессияның екінші мүшесінен 6-ға артық; прогрессиялардың үшінші мүшелері бірдей. Осы прогрессияларды табыңыз.

Жауабы: 3; 15; 27 және 3; 9; 27.

18. Арифметикалық және өспелі геометриялық прогрессиялардың бірінші мүшелері бірдей және олардың әрқайсысы 3-ке тең. Прогрессиялардың екінші мүшелері де өзара тең. Геометриялық прогрессияның үшінші мүшесінің арифметикалық прогрессияның үшінші мүшесіне $9:5$-ке қатынасындай. Осы прогрессияларды табыңыз.

Жауабы: 3; 9; 15 ... және 3; 9; 27 ...

www.nismath.org

19. Алғашқы үшеуі арифметикалық прогрессия, ал соңғы үшеуі – геометриялық прогрессия құрайтын төрт санды табыңыз. Арифметикалық прогрессияның айырмасы 4, ал геометриялық прогрессияның еселігі $\frac{4}{3}$-ке тең екендігі белгілі.

Жауабы: 8; 12; 16; $21\frac{1}{3}$.

20. Арифметикалық прогрессияның бес мүшесінің қосындысы $8^{2x+1}=(0{,}125)^{4-3x}$ теңдеуінің түбіріне тең, оның соңғы мүшесі $\frac{1}{2}+\frac{1}{3}+\frac{2}{9}+\ldots$ шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысына тең. Арифметикалық прогрессияны құрыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{2}$; $\frac{3}{4}$; 1; $\frac{5}{4}$; $\frac{3}{2}$.

6.1 www.nismath.org

VI ТАРАУ. МӘТІНДІК МӘСЕЛЕ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

1 - тобы. Түзу бойымен бірқалыпты қозғалыс

1. Пойыз станцияда 6 *мин* кідіріп, жылдамдығын 4 *км/сағ* арттырып, 36 *км* перегонда кешігуді жойды. Пойыздың алғашқы жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 36 *км/сағ*.

2. Электр пойызы *A* станциясынан *B* станциясына қарай шықты. 450 *км* өткен соң, бұл барлық *AB* жолының 75%-ын құрады, пойыз қар үйіндісінің бөгет болу себебінен тоқтауға тиіс болды. Жарты сағаттан кейін жол тазартылды және машинист электр пойызының жылдамдығын 15 *км/сағ* арттырып, *B* станциясына кешікпей келді. Пойыздың алғашқы жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 60 *км/сағ*.

3. Теплоход белгілі бір жылдамдықпен 72 *км* жолды өтуі тиіс болатын. Ол жолдың бірінші жартысын ол 3 *км/сағ*-қа кем жылдамдықпен, ал екінші жартысын 3 *км/сағ* артық жылдамдықпен өтті. Барлық жолға теплоход 5 сағат жұмсады. Теплоход қанша минутқа кешікті?

Жауабы: 12 *мин*.

4. Темір жолдың екі станциясының арасындағы қашықтық 120 *км*. Бірінші пойыз бұл қашықтықты екіншісіне қарағанда 50 *мин* жылдам өтеді, бірінші пойыздың жылдамдығы екінші пойыздың жылдамдығынан 12 *км/сағ* артық. Екі пойыздың жылдамдықтарын анықтаңыз.

Жауабы: 48 *км/сағ*; 36 *км/сағ*.

5. Арасы 18 *км*-ге тең *A* пунктінен *B* пунктіне жаяу адам шықты. Оның артынан 2 сағаттан соң велосипедист шықты, ол жаяу адамның 1 сағат ішінде жүріп өткен жолына қарағанда, әрбір сағат аралығында 4,5 *км* артық жүріп отырды. Егер оның *B* пунктіне жаяу адаммен бір мезгілде жеткендігі белгілі болса, велосипедисттің жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 9 *км/сағ*.

6. Жеңіл машина жүк машинасына қарағанда 2 *мин* кеш шығып, жүк машинасын 10 *км* жерде қуып жетті. Егер жеңіл машина жүк машинасынан сағатына 15 *км* артық жүретін болса, машиналардың жылдамдықтарын анықтаңыз.

Жауабы: 60 *км/сағ* және 75 *км/сағ*.

www.nismath.org

7. A және B -дан бір мезгілде автобус пен велосипедист шықты. 45 *км/сағ* жылдамдықпен жүре отырып, автобус B -да 15-минут аялдаған соң қайтадан рейске шығып, A және B арасындағы жолдың ортасында 12 *км/сағ* жылдамдықпен келе жатқан велосипедистті кездестірді. AB қашықтығын табыңыз.

Жауабы: 30 *км*.

8. Турист 160 *км* жүріп өтті. Жолдың $\frac{5}{8}$ -ін автокөлікпен жүріп, ал қалған бөлігін катермен жүрген. Катердің жылдамдығы автокөліктің жылдамдығына қарағанда 20 *км/сағ* кем. Турист катерге қарағанда, автокөлікте 15 *мин* артық уақыт жүрді. Катер мен автокөліктің жылдамдықтары қаншаға тең?

Жауабы: 60 *км/сағ* және 80 *км/сағ*; 80 *км/сағ* және 100 *км/сағ*.

9. Арасы 360 *км* болатын екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы бағытта екі пойыз жолға шықты. Егер екінші пойыз станциядан бірінші пойызға қарағанда 1,5 сағатқа ерте шықса, онда олар жолдың ортасында кездесіп қалуы мүмкін. Ал егер олар станциядан бір мезгілде шықса, онда 5 сағаттан соң олардың арасындағы қашықтық 90 *км* тең болады. Әрбір пойыздың жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 30 *км/сағ* және 24 *км/сағ*.

10. A және B қалаларынан, бір мезгілде, бір-біріне қарама-қарсы екі автокөлік шықты. Бір сағаттан соң автокөліктер кездесіп, сол жылдамдықтарымен тоқтамастан жүруді жалғастырды. A қаласына жеткен екіншісіне қарағанда, біріншісі B қаласына 27 *мин* кеш жетті. Егер қалалардың арасы 90 *км* екендігі белгілі болса, әрбір автокөліктің жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 40 *км/сағ* және 50 *км/сағ*.

11. Арасы 28 *км* A және B пункттарынан, бір мезгілде, бір-біріне қарама-қарсы екі велосипедист шықты да бір сағаттан соң кездесті. Олар тура сол жылдамдықпен тоқтамастан жүруді жалғастырып, A пунктіне екіншісінің жетуіне қарағанда, B пунктіне біріншісі 35 *мин* тезірек жетті. Әрбір велосипедисттің жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 16 *км/сағ* және 12 *км/сағ*.

www.nismath.org

12. Аэродромнан бір мезгілде екі ұшақ ұшып шығып, бірі 192 *км/сағ* жылдамдықпен оңтүстікке қарай бағытталса, ал екіншісі 256 *км/сағ* жылдамдықпен шығысқа қарай бағытталады. 3 сағаттан соң ұшақтар бір-бірінен қандай қашықтықта болады?

Жауабы: 960 *км*.

13. Бір мезгілде порттан екі пароход: бірі солтүстікке, ал екіншісі шығысқа қарай шықты. Екі сағаттан соң олардың арасындағы қашықтық 60 *км* болды. Олардың бірінің жылдамдығы екіншісіне қарағанда 6 *км/сағ* артық екендігін біле отырып, параходтың әрқайсысының жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 18 *км/сағ*; 24 *км/сағ*.

14. Пойыз жолда 6 *мин* кідіріп қалып, кесте бойынша жоспарланған жылдамдықтан 10 *км/сағ* артық жылдамдықпен өткен соң, 20 *км* перегонда кешігуді жойды. Кесте бойынша осы перегондағы пойыздың жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 40 *км/сағ*.

15. *A* және *B* станциялары арасындағы жолдың ортасында пойыз 10 *мин* кідірді. Кесте бойынша *B*-ға жету үшін, машинист пойыздың алғашқы жылдамдығын 6 *км/сағ* жоғарылатуға мәжбүр болды. Егер станциялардың арасы 60 *км* екендігі белгілі болса, пойыздың алғашқы жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 30 *км/сағ*.

16. Паровоз 24 *км*-лік бірінші перегонды өтіп, бірпама уақытқа кідіріп, содан кейін келесі перегонды алдыңғыдан 4 *км/сағ* артық жылдамдықпен өтті. Екінші перегон бірінші перегоннан 15 *км* ұзынырақ болуына қарамастан, оны паровоз бірінші перегонды өтуге кеткен уақыттан 20 *мин* артық уақытта өтті. Паровоздың алғашқы жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 32 *км/сағ*.

17. Пойыз 840 *км* жүруі керек. Жолдың ортасында ол 30 *мин* кідіріп қалды және сол себепті уақытында келіп жету үшін, жылдамдықты 2 *км/сағ* арттырды. Пойыз барлық жолға қанша уақыт жұмсады?

Жауабы: 21 *сағ*.

www.nismath.org

18. Арасы 75 *км* A және B станцияларынан, бір мезгілде, бір-біріне карама-қарсы тауарлық және жүрдек пойыз жөнелтілді және олар жарты сағаттан кейін кездесті. A станциясына келіп жеткен жүрдек пойызға қарағанда, B станциясына тауарлық пойыз 25 *мин* кеш жетті. Әрбір пойыздың жылдамдығы қандай?

Жауабы: 60 *км/сағ* және 90 *км/сағ*.

19. Бір жерден шыққан екі адам алты километрлік серуенге шықты. Біреуі 3 *км/сағ* жылдамдықпен, ал екіншісі - 5,5 *км/сағ* жылдамдықпен жүрді. Белгіленген жерге жеткен соң, екіншісі сол жылдамдықпен кері қарай қайтты. Олардың кездесуі жөнелту жерінен қандай қашықтықта болады?

Жауабы: Жөнелту жерінен $\frac{72}{17}$ *км* қашықтықта.

20. Пойыз бірқалыпты 60 *км/сағ* жылдамдықпен жүре отырып, ұзындығы 200 метр жолдың жанынан 0,3 минут аралығында өтті. Пойыздың ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 100 *м*.

6.2

2 - тобы. Өзен бойымен қозғалыс

1. Катер өзен ағысы бойымен жолға 3 сағат жұмсады, ал қайтар жолға 4,5 сағат жұмсады. Егер суға қатысты катердің жылдамдығы 25 *км/сағ* болса, өзен ағысының жылдамдығы қандай?

Жауабы: 5 *км/сағ*.

2. Бірінші кемежайдан екіншіге қарай 12 *км/сағ* жылдамдықпен қайық бағыт алды, ал одан кейін жарты сағаттан соң тура сол бағытпен жылдамдығы 20 *км/сағ* пароход шықты. Егер пароход қайыққа қарағанда 1,5 сағат ерте келген болса, кемежайлар арасы қанша километр екенін табыңыз.

Жауабы: 60 *км*.

3. Өзен бойындағы екі кемежайдың арасы 80 *км*. Қайық барып-қайтқанға 8 сағат 20 минут уақыт жұмсады. Өзен ағысының жылдамдығын 4 *км/сағ*, тыныш судағы қайықтың жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 20 *км/сағ*.

www.nismath.org

4. Қайықшы ағысқа қарсы жүргендегіден өзен ағысымен 16 *км* қашықтықты 6 сағат жылдам өтеді. Өзен ағысының жылдамдығына қарағанда, тынық судағы қайықтың жылдамдығы 2 *км/сағ* артық. Тынық судағы қайықтың жылдамдығы мен өзен ағысының жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 5 *км/сағ*; 3 *км/сағ*.

5. Моторлы қайық өзен ағысымен төмен қарай 14 *км* өтті, содан кейін ағысқа қарсы 9 *км* өтіп, барлық жолға 5 сағат жұмсады. Егер тынық судағы моторлы қайықтың жылдамдығы 5 *км/сағ* болса, өзен ағысының жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 2 *км/сағ*.

6. Катер өзен ағысымен 75 *км* өтті және ағысқа қарсы тура сонша өтті. Ол барлық жолға, оған тынық судағы 80 *км* өту үшін қажет болған уақыттан, 2 есе артық уақытты жұмсады. Егер өзен ағысының жылдамдығы 5 *км/сағ* болса, тынық судағы катердің жылдамдығы қандай?

Жауабы: 20 *км/сағ*.

7. Турист өзен ағысымен 56 *км* жүріп өту үшін қанша уақыт қажет болса, тура сонша уақыт аралығында көлмен байдаркада 25 *км* және өзен ағысына қарсы 9 *км* өтті. Өзен ағысының жылдамдығы 2 *км/сағ* екендігін біле отырып, тынық судағы байдарканың жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 5 *км/сағ*.

8. Моторлы қайық тынық суда 70 *км* жолды жүріп өтетін уақыт аралығында, өзен ағысымен 39 *км* және ағысқа қарсы 28 *км* өтті. Егер өзен ағысының жылдамдығы 3 *км/сағ* болса, тынық судағы моторлы қайықтың жылдамдығы қандай болады?

Жауабы: 10 *км/сағ*.

9. Тынық судағы жылдамдығы 15 *км/сағ* катер, өзен айлағынан өзен ағысымен төмен қарай 36 *км* өткенде, катердің жөнелтілуіне 10 *сағ* қалғанда сол өзен айлағынан шыққан салды қуып жетті. Өзен ағысының жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 3 *км/сағ*.

www.nismath.org

10. Турист өзен ағысымен 12 *км* салмен жүріп өтіп, кідірмей, тынық судағы жылдамдығы 5 *км/сағ* қайықпен қайтадан қайтып келді. Егер туристтің барлық саяхатқа 10 *сағ* жұмсағаны белгілі болса, өзен ағысының жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 2 *км/сағ* немесе 3 *км/сағ*.

11. Өзен бойындағы екі кемежайдың арасы 40 *км*. Пароход барып-қайтқанға 6 сағат, жолдағы аялдамаға 1,5 сағат жұмсады. Егер пароходтың меншікті жылдамдығы 18 *км/сағ* болса, өзен ағысының жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 2 *км/сағ*.

12. Егер өзен ағысының жылдамдығы 2 *км/сағ* болса, қайтадан 4 сағат ішінде кері қайтып келу үшін, тынық судағы жылдамдығы 8 *км/сағ* қайықпен кемежайдан өзен ағысына қарсы қанша километрге ұзап кетуге болады?

Жауабы: 15 *км*.

13. Кемежайдан ағыс бойымен сал шықты. Оның артынан 4 сағаттан соң катер шығып, 15 *км* өткен соң, салды қуып жетті. Егер тынық судағы катердің жылдамдығы 12 *км/сағ* болса, өзен ағысының жылдамдығын есептеңіз.

Жауабы: 3 *км/сағ*.

14. Моторлы қайық өзен ағысымен 7 сағат және ағысқа қарсы 6 сағат жүрді. Егер тынық судағы қайықтың жылдамдығы 10 *км/сағ* болса және қайық барлық саяхат аралығында 132 *км* жүрген болса, өзен ағысының жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 2 *км/сағ*.

15. Моторлы қайық ағыс бойымен жоғары қарай 24 *км* және кері қарай келіп, барлық жолға 1 сағат 45 минут жұмсады. Егер ол ағыспен 4 *км* жолды салға қарағанда $\frac{7}{8}$ *сағ* жылдымырақ өтетін болса, қайықтың меншікті жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 28 *км/сағ*.

6.3 www.nismath.org

3 - тобы. Шеңбер бойымен қозғалыс

1. Ұзындығы 100 *м*-ге тең шеңбер бойымен екі дене қозғалып келеді. Олар бір бағытта және тура солай қозғалып, әрбір 20 *сек* сайын кездеседі және әрбір 4 *сек* соң қарама-қарсы бағыттарда қозғалады. Әрбір дененің бір секундтағы жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 15 *м/с* және 10 *м/с*.

2. Ұзындығы 999 *м*-ге тең шеңбер бойымен, бір бағытта және тура солай екі дене қозғалады және әрбір 37 минут сайын кездеседі. Егер бірінші дененің жылдамдығы екіншісінен 4 есе артық екендігі белгілі болса, әрбір дененің жылдамдығын анықтаңыз.

Жауабы: 36 *м/мин* және 9 *м/мин*.

3. Сақина тәріздес трасса бойымен жарыста, бір шаңғышы екіншісіне қарағанда айналымды 2 *мин* жылдам өтті және бір сағаттан соң оны бір айналымда қуып жетті. Әрбір шаңғышы айналымды қанша минут аралығында өтті?

Жауабы: 10 *мин* және 12 *мин*.

4. Сақина тәріздес трассадағы картинг бойынша жарыста, карттардың бірі екіншісіне арағанда айналымды 5 *мин* баяу өтті және бір сағаттан соң одан бір айналымға қалып қалды. Әрбір карт қанша минут аралығында айналымды өтті?

Жауабы: 20 *мин* және 15 *мин*.

5. *A* және *B* екі нүкте диаметральдық қарама-қарсы нүктелерден, тұрақты жылдамдықтарымен шеңбер бойымен қозғалысты бастады. *A* нүктесінің жылдамдығы 40 *м/с*. *A* нүктесі бес айналымды өткенде, нүктелер бірінші рет теңессе, *A* нүктесінің жылдамдығынан *B* нүктесінің жылдамдығы қаншаға артық?

Жауабы: 4 *м/с*.

6. Екі дене бір бағытта қарай шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалып келеді. Бірінші дене екінші денеге қарағанда шеңберді 3 *сек* жылдам айналып өтеді және әрбір жарты минут сайын екінші денені қуып жетеді. Әрбір дене шеңберді қандай уақыт ішінде айналып өтеді?

Жауабы: 15 *с* және 18 *с*.

6.4
www.nismath.org

4-тобы. Жұмыс және еңбек өнімділігіне қатысты мәселе есептер

1. Жұмысшылардың бригадасы 360 бөлшек дайындауы тиіс болатын. Олар күнделікті белгіленген жоспарға қарағанда 4 бөлшекке артық дайындап, тапсырманы мерзімінен бір күн бұрын орындады. Тапсырманы орындауға бригада қанша күн жұмсады?

Жауабы: 9 күн.

2. Екі кран бірге жұмыс жасап, баржаны 6 сағат аралығында жүктен босатты. Егер олардың біреуі басқасына қарағанда оны 5 сағат жылдам жүктен босата алса, әрбір кран жеке өзі баржаны қанша уақытта жүктен босата алады?

Жауабы: 10 *сағ*; 15 *сағ*.

3. Ағаш отырғызуда екі бригада жұмыс жасады. Бірінші бригада екіншісіне қарағанда күнделікті 40 ағаш артық отырғызды және 270 ағаш екті. Екінші бригада бірінші бригадаға қарағанда, екі күн артық жұмыс жасады және 250 ағаш отырғызды. Бригадалардың әрқайсысы қанша күннен жұмыс жасады?

Жауабы: 3 күн; 5 күн.

4. Шөп шабатын шалғышылардың бригадаларының өнімділігіне қарағанда, өзі жүретін шапқыштың өнімділігі 5 есе жоғары. Егер өзі жүретін шапқыш пен шалғышылардың бригадалары бірге жұмыс жасай отырып, пішен шабуды үш күн ішінде бітірсе, шабындықты шабу үшін, шалғышылардың бригадаларына қанша күн қажет болады?

Жауабы: 18 күн.

5. Бір комбайн участоктан өнім жинай бастады. 2 сағаттан соң оған екінші комбайн қосылды және 8 сағат бойы бірігіп жұмыс жасаған соң, олар өнімнің 80% жинап алды. Егер екіншісіне қарағанда, бірінші комбайнға 5 сағат артық уақыт қажет болғандығы белгілі болса, әрбір комбайн участоктан өнімді қанша сағат ішінде жинай алады?

Жауабы: 25 *сағ*; 20 *сағ*.

6. Бригада күнделікті 180 *га* егістікті жыртуы керек болатын. Жоспарды асыра орындай отырып, бригада күнделікті 210 *га* жыртып отырған және жұмысты мерзімнен бір күн бұрын аяқтады. Бригада қанша гектарды және қанша күн ішінде жыртты?

Жауабы: 6 күн ішінде, 1 260 *га*.

www.nismath.org

7. Екі автокөлік бірге жұмыс жасай отырып, 6 күннің ішінде жүкті тасымалдады. Егер олардың бірі, екіншісіне қарағанда барлық жүкті 5 күнге жылдамырақ тасымалдай алса, барлық жүкті тасымалдауға әр машинаға жеке қанша күн қажет болады?

Жауабы: 10 күн; 15 күн.

8. Екі жұмысшы бірге жұмыс жасай отырып, тапсырысты 6 сағат ішінде орындай алады. Егер бірінші жұмысшы 9 сағат жұмыс жасап, содан кейін оны екінші жұмысшы алмастыратын болса, онда олар барлық жұмысты 3 сағаттан соң бітіреді. Жеке жұмыс жасай отырып, әр жұмысшы барлық жұмысты қанша сағат ішінде орындай алады?

Жауабы: 12 *сағ*; 12 *сағ*.

9. Екі тас қалаушы қабырғаны 7 күнде қалай алады, олардың екіншісі біріншісіне қарағанда жұмысты $1\frac{1}{2}$ күн кейін бастады. Егер біріншісіне қарағанда, екінші тас қалаушы осы жұмысты 3 күнге жылдам орындай алатыны белгілі болса, олардың әрқайсысы жеке осы қабырғаны қанша күн ішінде қалай алады?

Жауабы: 14 күн; 11 күн.

10. Трактор бригадасы бірнеше күн ішінде 600 *га* жерге егін егуі керек болатын. Ол күнделікті жоспардан 15 *га* артық егіп отырған, сондықтан жұмысты 2 күн бұрын бітірді. Бригада қанша күн ішінде жерге егін егуді жоспарлады?

Жауабы: 10 күн.

11. Екі слесарь тапсырманы 12 *сағ* ішінде орындады. Егер тапсырманың жартысын біріншісі орындап, ал қалған бөлігін екіншісі орындаған болса, онда екіншісіне қарағанда біріншісіне 5 *сағ* артық уақыт қажет болар еді. Олардың әрқайсысы тапсырманы қанша сағат ішінде орындай алады?

Жауабы: 30 *сағ*; 20 *сағ*.

12. Бір жүргізушіге 600 *т* жүкті, ал екіншісіне 540 *т* жүкті тасымалдауға наряд берілген. Бірінші жүргізуші белгіленген мерзімге дейін 4 күн бұрын, ал екіншісі белгіленген мерзімге дейін 2 күн бұрын тапсырманы орындады. Егер біріншісі екіншісіне қарағанда 4 *т* артық тасымалдаған болса, жүргізушінің әрқайсысы күніне қанша жүк тасымалдаған?

Жауабы: 24 *т*; 20 *т*.

www.nismath.org

13. 90 *т* жүкті тасымалдау үшін бірнеше машинаға тапсырыс берілді. Әрбір машинаға 0,5 *т* жүкті кем тиеуіне байланысты, қосымша 6 машина қажет болды. Алғашқыда қанша машинаға тапсырыс берілген?

Жауабы: 30 машина.

14. Бір жұмысшы екіншісіне қарағанда, бір бөлшекті өңдеуге 1 минут кем уақыт жұмсайды. Егер екінші жұмысшыға қарағанда, бірінші жұмысшы осы уақыт аралығында 8 бөлшекті артық өңдейтін болса, олардың әрқайсысы 4 сағат ішінде қанша бөлшек өңдейді?

Жауабы: 48 бөлшек; 40 бөлшек.

15. Зауытқа белгілі бір мерзімге дейін 8 000 бөлшекті дайындауға тапсырыс берілді. Нақты кесте бойынша жұмыс жасай отырып, зауыт тапсырыстың 25% дайындады, ал содан кейін күндізгі жоспарды асыра орындай отырып, күнделікті 100 бөлшекті дайындады және белгіленген мерзімге дейін 2 күн бұрын тапсырысты орындады. Тапсырысты орындау үшін зауытқа қанша күн қажет болды?

Жауабы: 14 күн.

16. Жұмысшылардың бригадасы белгілі бір мерзімде 272 бөлшекті дайындауы тиіс. Жұмыс басталған соң 10 күннен кейін, бригада күндізгі жоспарды 4 бөлшекке асыра орындай отырып, белгіленген мерзімге дейін 1 күн бұрын 280 бөлшек дайындады. Бригада мерзімінде қанша бөлшек дайындап шығарады?

Жауабы: 300 бөлшек.

17. Жоспар бойынша бригада белгілі бір мерзімде 540 *га* өнім жинауы тиіс. Өнімнің 30% жинап болған соң, бригада қосымша комбайн алып, алғашқыға қарағанда, күнделікті 9 *га* артық өнім жинап, белгіленген мерзімнен 1 күн бұрын жинау жұмысын аяқтады. Өнімді жинау қанша күнге жалғасты?

Жауабы: 9 күн.

18. Белгілі бір мерзімде жұмысшылар бригадасы 360 бөлшекті дайындауы тиіс. Күндізгі жоспарды 9 бөлшекке асыра орындай отырып, бригада белгіленген мерзімнен 1 күн бұрын жоспарланған тапсырманы 5%-ке асыра орындады. Егер осы еңбек өнімділігімен жұмыс жасауды жалғастырса, бригада мерзімінде қанша бөлшек дайындайды?

Жауабы: 432 бөлшек.

www.nismath.org

19. Барлық егістікті жыртуға бірінші трактормен, үшіншісіне қарағанда 2 *сағ* кем уақыт және екінші трактормен қарағанда 1 *сағ* артық уақыт қажет. Бірінші және екінші тракторлардың бірігіп жұмыс жасауы нәтижесінде, егістік 1 *сағ* 12 *мин.* аралығында жыртылуы мүмкін. Барлық үш трактордың бірігіп жұмыс жасаса, егістікті жыртуға қанша уақыт жұмсалады?

Жауабы: $\frac{30}{31}$ *сағ.*

20. Екі жұмысшы белгілі бір тапсырманы бірге орындаса, оны 12 күнде бітіре алады. Егер алдымен олардың біреуі ғана жұмыс жасап, ол жұмыстың жартысын орындап болған соң, оны екінші жұмысшы алмастыратын болса, тапсырма 25 күн ішінде бітеді. Әр жұмысшы жеке барлық тапсырманы қанша күн ішінде орындай алады?

Жауабы: 30 күн; 20 күн.

6.5

5 - тобы. Бір мезгілде әртүрлі құбырлармен толтырылатын бассейнге байланысты мәселе есептер

1. 6 сағат ішінде екі құбыр арқылы бассейн сумен толтырылады. Бірінші құбыр екінші құбырға қарағанда 5 сағатқа жылдам толтырады. Әрбір құбыр жеке жұмыс жасаса, қанша уақыт ішінде бассейнді толтыра алады?

Жауабы: 10 *сағ*; 15 *сағ.*

2. Бір мезгілде екі шүмек бакты 3 сағат ішінде толтырады. Егер екінші шүмекке қарағанда, бірінші шүмек бакты 8 сағатқа баяу толтыра алатыны белгілі болса, әрбір шүмек жеке қанша уақытта бакты толтыра алады?

Жауабы: 12 *сағ*; 4 *сағ.*

3. Су айдауыш бакты екі құбыр 2 сағат 55 минутта толтырады. Екіншіге қарағанда, бірінші құбыр оны 2 сағат жылдам толтыра алады. Әрбір құбыр жеке жұмыс істесе, қанша уақыт ішінде бакты толтыра алады?

Жауабы: 5 *сағ*; 7 *сағ.*

www.nismath.org

4. Екі құбырдың біреуі екіншісіне қарағанда бакты сумен 10 мин жылдам толтыра алады. Егер екі құбыр бірігіп қосылса, 8 минутта бактың $\frac{2}{3}$-сін толтырған болса, осы бакты әрбір құбыр қанша уақыт ішінде толтыра алады?

Жауабы: 20 *мин*; 30 *мин*.

5. Бірінші құбыр 1 сағат ішінде бассейннің бір бөлігін толтырып болған соң, екінші құбыр қосылды және олар бірге бассейнді 3 сағатта толтырды. Егер әр құбыр бассейнді жеке толтыратын болса, екінші құбырға қарағанда бірінші құбырға 2 сағат артық уақыт керек болар еді. Бірінші құбыр өз бетінше жұмыс жасағанда, қанша уақыт ішінде бассейнді толтыра алады?

Жауабы: 8 сағатта.

6. Бір шүмек арқылы ванна 18 минутта, ал екіншісі арқылы 27 минут ішінде толтырылады. Ваннаның $\frac{5}{6}$ бөлігін толтыру үшін, екі шүмекті қанша уақытқа ашып қою қажет?

Жауабы: 9 *мин*.

7. Екі құбыр бассейнді 10 сағат ішінде толтырады. Егер екіншіге қарағанда, бірінші құбырдан судың 2 есе кем ағатыны белгілі болса, әр құбыр жеке бассейнді қанша уақыт ішінде толтыратынын анықтаңыз.

Жауабы: 30 *сағ*; 15 *сағ*.

8. Бірінші құбыр арқылы бассейн 5 сағат ішінде толады. Бірінші құбыр ашылған соң, 3 сағаттан кейін екінші құбыр ашылды, онда бүкіл бассейнды 6 сағат ішінде толтыруға болады. Бүкіл бассейн қанша сағат ішінде толтырылды?

Жауабы: $4\frac{1}{11}$ *сағ*.

32. Тік бұрышты үшбұрыштың бұрыштарының бірі 30°-қа тең. Оған іштей сызылған шеңбердің радиусы 4-ке тең болса, үшбұрыштың ауданын табыңыз.

Жауабы: $48+32\sqrt{3}$.

33. Сүйір бұрышы 60° болатын тік бұрышты үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлердің радиустарының қатынасын табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{3}+1$.

34. Катеттері 14 және 18 болатын тік бұрышты үшбұрышқа сүйір бұрыштардың медианалары жүргізілген. Олар алғашқы үшбұрышты үш үшбұрыш пен төртбұрышқа бөледі. Осы төртбұрыштың ауданы қандай?

Жауабы: 42.

35. Гипотенузаға жүргізілген биіктік тік бұрышты үшбұрышты аудандары 384 және 216 болатын екі үшбұрышқа бөледі. Гипотенузаның ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 50.

www.nismath.org

36. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 3 және 6-ға тең. Тік бұрыштың биссектрисасының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: $2\sqrt{2}$.

8.1.5

5 – тобы. «Ұқсас үшбұрыштар» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Үшбұрыштың қабырғалары 4:5:6 қатынасындай. Оған ұқсас үшбұрыштың кіші қабырғасы 0,8-ге тең. Екінші үшбұрыштың қабырғаларын анықтаңыз.

Жауабы: 1; 1,2.

2. Үшбұрыштың қабырғалары 2:5:4 қатынасындай. Оған ұқсас үшбұрыштың периметрі 55-ке тең. Екінші үшбұрыштың қабырғаларын анықтаңыз.

Жауабы: 10; 25; 20.

3. Екі тең бүйірлі үшбұрыштың төбесіндегі бұрыштары тең. Бір үшбұрыштың бүйір қабырғасы мен табаны 17 және 10-ға тең; басқасының табаны 8-ге тең. Оның бүйір қабырғасын анықтаңыз.

Жауабы: 13,6.

4. ABC және $A_1B_1C_1$ үшбұрыштарында $\angle B = \angle B_1$ және B бұрышын жасайтын бірінші үшбұрыштың қабырғалары, B_1 бұрышын жасайтын екінші үшбұрыштың қабырғаларынан 2,5 есе артық. Егер олардың қосындысы 4,2-ге тең болса, AC және A_1C_1 анықтаңыз.

Жауабы: 3; 1,2.

5. Екі ұқсас үшбұрыштардың қабырғаларының қатынасы 3:4 қатынасындай, ал олардың аудандарының айырмасы 70-ке тең. Осы үшбұрыштардың аудандарын анықтаңыз.

Жауабы: 90; 160.

6. ABC үшбұрышы мен оның ішінде AC-ға параллель DE кесіндісі берілген ($D \in AB$, $E \in BC$). $AC = 20$, $AB = 17$ және $BD = 11{,}9$ болса, DE ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 14.

www.nismath.org

7. ABC үшбұрышында $\angle BDC = \angle ABC$ және AC қабырғасында $AD = 7$ және $DC = 9$ кесінділері пайда болатындай BD түзуі жүргізілген. BC қабырғасы мен $BD : BA$ қатынасын анықтаңыз.

Жауабы: 12; $\frac{3}{4}$.

8. $\angle ABD = \angle BCA$ болатындай ABC үшбұрышында BD түзуі жүргізілген. Егер $AB = 2$ және $AC = 4$ болса, AD және DC кесінділерін анықтаңыз.

Жауабы: 1; 3.

9. Диагоналі BD $ABCD$ трапециясының (мұндағы $BC \parallel AD$), $\angle ABD$ және $\angle BCD$ бұрыштары тең. $BC = 10$, $DC = 15$ және $BD = 20$. AB және AD-ны анықтаңыз.

Жауабы: 30; 40.

10. Диагоналі AC $ABCD$ трапециясының $\angle ABC$ және $\angle ACD$ бұрыштары тең. Егер BC және AD табандары сәйкесінше 12 және 27-ге тең болса, AC диагоналін анықтаңыз.

Жауабы: 18.

11. Трапецияның табандары 5 : 9 қатынасындай, ал оның бүйір қабырғаларының бірі 16-ға тең. Ол басқа бүйір қабырғамен қиылысуы үшін, оны қаншаға ұзарту қажет?

Жауабы: 20.

12. Үшбұрышқа параллелограмм салынған, оның бір бұрышы үшбұрыштың бір бұрышымен сәйкес келеді. Осы бұрышты жасайтын үшбұрыштың қабырғалары 20 және 25-ке тең, ал параллелограмның оған параллель қабырғаларының қатынасы 6 : 5 қатынасындай. Параллелограмның қабырғаларын анықтаңыз.

Жауабы: 10; 12.

13. ABC және DEF үшбұрыштарында $\angle A = \angle E$ және $\angle C = \angle D$. $AB = 1{,}6$, $AC = 2$, $EF = 1{,}2$ және BC қабырғасы DF қабырғасынан 0,3-ке артық. Белгісіз қабырғаларды табыңыз.

Жауабы: 0,9; 1,2; 1,5.

14. ABC тік бұрышты үшбұрышының AC катетінде жатқан D нүктесінен, CB гипотенузасына DE перпендикуляр түсірілген. Егер $CB = 15$, $AB = 9$ және $CE = 4$ болса, CD кесіндісін табыңыз.

Жауабы: 5.

www.nismath.org

15. ABC үшбұрышы берілген. $AB=9$, $BC=15$. AC қабырғасынан алынған D нүктесінен $\angle DEC=\angle A$ болатындай DE түзуі жүргізілген (E нүктесі BC-да жатыр). Егер $DC=10$ болса, DE-ні табыңыз.

Жауабы: 6.

16. Оның екі төбесі үшбұрыштың табанында жататындай, табаны b және биіктігі h болатын үшбұрышқа квадрат іштей салынған. Квадраттың қабырғасын анықтаңыз.

Жауабы: $\dfrac{bh}{b+h}$.

17. ABC үшбұрышында BD биіктігі мен AE және $EF\perp AC$ болатындай биссектрисасы жүргізілген. Егер $BD=30$ және $AB:AC=7:8$ болса, EF-ті табыңыз.

Жауабы: 16.

18. ABC тең бүйірлі үшбұрышының AB бүйір қабырғасының ұзындығы 7-ге тең, AC табанының ұзындығы 4-ке тең. ACD үшбұрышы ABC үшбұрышына ұқсас және D нүктесі A және B-ға сәйкес келмейтіндей, AB қабырғасынан алынған. ABC үшбұрышының ауданының ACD үшбұрышының ауданына қатынасын табыңыз.

Жауабы: $\dfrac{49}{16}$.

19. Бір бұрышы ортақ тік бұрышты үшбұрышқа квадрат іштей салынған. Егер үшбұрыштың катеттері 10 және 15-ке тең болса, квадраттың ауданын табыңыз.

Жауабы: 36.

20. Гипотенузасы 15-ке тең тік бұрышты үшбұрыштың медианаларының қиылысу нүктесінен оның 12-ге тең катетіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 3.

В

21. Оның гипотенузасы осы үшбұрыштың табанына параллель, ал тік бұрыштың төбесі осы табанда жататындай, тік бұрышты тең бүйірлі үшбұрыш, табаны 30-ға тең, ал биіктігі 10-ға тең үшбұрышқа іштей салынған. Гипотенузаны анықтаңыз.

Жауабы: 12.

www.nismath.org

22. ABC үшбұрышының AB қабырғасы 30-ға тең, $BC=36$ және $CA=45$. $\angle ADB=\angle ABC$ болатындай AC қабырғасын D нүктесінде қиып өтетіндей B төбесінен түзу жүргізілген. BCD үшбұрышының периметрін табыңыз.

Жауабы: 85.

23. Үшбұрышқа бір бұрышы ортақ ромб іштей сызылған. Ромбтың қарама-қарсы төбесі үшбұрыштың қабырғасын $2:3$ қатынасында бөледі. Ромбының диагональдары $4\sqrt{5}$ және 8-ге тең. Ромбының қабырғалары жатқан үшбұрыштың қабырғаларын табыңыз.

Жауабы: 10; 15.

24. ABC тең бүйірлі үшбұрышының AB табанының A төбесі және CD биіктігінің ортасы арқылы түзу жүргізілген, ол үшбұрыштың BC бүйір қабырғасын L нүктесінде қиып өтеді. $CL:BL$ қатынасын анықтаңыз.

Жауабы: $1:2$.

25. Ромбының диагоналі, доғал бұрыштың төбесінен жүргізілген биіктігін, 10 және 6-ға тең кесінділерге бөледі. Ромбының периметрін табыңыз.

Жауабы: 80.

26. ABC сүйір бұрышты үшбұрышының AE және CD биіктіктері H нүктесінде қиылысады. Егер олардың қосындысы 18-ге тең, ал $AH=8$, $CH=4$ болса, олардың биіктіктерін анықтаңыз.

Жауабы: 10; 8.

27. Сүйір бұрышының төбесінен бастап санағанда катетін $1:2$ қатынасында бөлетін нүктеден гипотенузаға дейінгі қашықтық 2-ге тең. Екінші катеті 7-ге тең. Үшбұрыштың ауданын табыңыз.

Жауабы: $\dfrac{147\sqrt{13}}{13}$.

28. $ABCD$ тең бүйірлі трапециясының AC диагоналі CD бүйір қабырғасына перпендикуляр және BE биіктігін $BF=7$; $FE=9$ болатындай кесінділерге бөледі. Трапецияның кіші табанын анықтаңыз.

Жауабы: $9\dfrac{1}{3}$.

www.nismath.org

29. ABC үшбұрышы берілген, оның $AB=9$, $BC=12$, $AC=6$. AB қабырғасында $AD=4$ кесіндісі жатыр. CD кесіндісін анықтаңыз.

Жауабы: 8.

30. BD және AE ΔABC $(AB=BC)$ тең бүйірлі үшбұрышының биіктіктері. $BD:AE=5:6$, ED кесіндісі 15-ке тең үшбұрыштың бүйір қабырғасын анықтаңыз.

Жауабы: 25.

8.2.1
www.nismath.org

1-тобы. «Параллелограмм» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Арасындағы сүйір бұрышы 37° $(\cos 37^\circ \approx 0{,}8)$ диагональдары 24 және 30-ға тең параллелограмның кіші қабырғасын табыңыз.

Жауабы: 9.

2. Параллелограмның сүйір бұрышы 60°. Доғал бұрыштың төбесінен жүргізілген параллелограмның биіктігі параллелограмның қабырғасын қақ бөледі. Егер оның периметрі 24-ке тең болса, параллелограмның кіші диагоналін табыңыз.

Жауабы: 6.

3. Параллелограмның диагональдары 12 және 20, ал олардың арасындағы бұрыш 60°-қа тең. Параллелограмның қабырғаларын табыңыз.

Жауабы: 14; $2\sqrt{19}$.

4. Параллелограмның екі қабырғалары 3 және 5, ал олардың диагональдарының бірі 4-ке тең. Оның кіші диагоналі мен параллелограмның сүйір бұрыштарының биссектрисаларының қиылысу нүктесіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 1.

5. Параллелограмның диагоналімен қиып түскендегі үшбұрыштың периметрі 25, ал параллелограмның периметрі 30. Диагональды табыңыз.

Жауабы: 10.

6. Параллелограмның қабырғалары 23 және 11, ал диагональдарының қатынасы $2:3$ қатынасындай. Үлкен диагоналінің ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 30.

7. Егер $a:b=5:8$, ал параллелограмның кіші диагоналі 28-ге тең болса, сүйір бұрышы 60° болатын параллелограмның a және b $(a \neq b)$ қабырғаларын табыңыз.

Жауабы: 20; 32.

www.nismath.org

8. $ABCD$ параллелограмының A және B бұрыштарының биссектрисалары CD қабырғасын үш бөлікке бөледі. Егер параллелограмның қабырғалары $AB=12$; $AD=5$ тең болса, әрбір бөлікті анықтаңыз.

Жауабы: 5; 2; 5.

9. Қабырғалары 5 және 8 болатын параллелограмның ауданы 32-ге тең. Параллелограмның үлкен бұрышының косинусы қаншаға тең?

Жауабы: $-0,6$.

10. Параллелограмның биіктіктері $3:4$ қатынасында. Периметрі 42-ге тең болса, параллелограмның қабырғаларын есептеңіз.

Жауабы: 9; 12.

11. Ауданы 144-ке тең, ал биіктіктері 8 және 12-ге тең болатын параллелограмның периметрін табыңыз.

Жауабы: 60.

12. Параллелограмның периметрі 44-ке тең. Оның диагональдары параллелограмды төрт үшбұрышқа бөледі. Олардың ішіндегі екі іргелес бөліктерінің периметрлерінің айырмасы 2-ге тең. Параллелограмның үлкен қабырғасының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 12.

13. $ABCD$ параллелограмындағы $AC \perp CD$ (AC – диагоналі), $CE \perp AD$, $AE=16$, $ED=4$. Параллелограмның ауданын табыңыз.

Жауабы: 160.

14. Параллелограмның кіші қабырғасы 13-ке тең, үлкен қабырғаға түсірілген биіктігі – 12, ал кіші диагоналі – 15-ке тең. Параллелограмның ауданын табыңыз.

Жауабы: 168.

15. $ABCD$ параллелограмының ауданы S-ке тең. M нүктесі BC түзуіне тиісті. AMD үшбұрышының ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{2}S$.

www.nismath.org

16. Параллелограмның екі қабырғасына перпендикуляр түзу, оны екі трапецияға бөледі, олардың әрқайсысына шеңберді іштей сызуға болады. Егер оның қабырғалары 2 және 3-ке тең болса, параллелограмның сүйір бұрышын табыңыз.

Жауабы: $30°$.

17. Параллелограмның бұрышы $30°$. Доғал бұрыштан жүргізілген биіктіктерінің арасындағы бұрыш қаншаға тең?

Жауабы: $30°$.

18. $ABCD$ параллелограмының BD диагоналінде K нүктесі жатыр, мұндағы $BK:KD=1:4$. AK түзуі BC қабырғасын қандай қатынаста бөледі?

Жауабы: $1:3$.

19. $ABCD$ параллелограмының B төбесі арқылы түзу жүргізілген, ол F нүктесінде AD қабырғасының созындысын қиып өтсе, ал E нүктесінде CD қабырғасын қиып өтеді. AD қабырғасы 5-ке тең, ал $BE:FE=3:2$ болса, DF кесіндісін анықтаңыз.

Жауабы: $3\frac{1}{3}$.

20. Периметрі 90, ал биіктіктері 12 және 15 болатын, параллелограмның ауданын табыңыз.

Жауабы: 300.

В

21. Параллелограмның α сүйір бұрышы және диагональдарының қиылысу нүктесінен тең емес қабырғаларына дейінгі a және b қашықтықтары берілген. Параллелограмның ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{4ab}{\sin\alpha}$.

22. Параллелограмның диагональдарының бірі оның биіктігі болып табылады. Егер параллелограмның периметрі 50, ал оның қабырғаларының айырмасы бірге тең болса, дигональдарын анықтаңыз.

Жауабы: 5; $\sqrt{601}$.

www.nismath.org

23. Параллелограмның бұрыштарының бірі $\frac{2\pi}{3}$-ке тең. Үлкен диагоналінің квадраты 3-ке тең. Периметрі 4-ке тең болса, параллелограмның қабырғаларын табыңыз.

Жауабы: 1.

24. Бір қабырғасы 51, ал диагональдары – 40 және 74-ке тең параллелограмның ауданын есептеңіз.

Жауабы: 1 224.

25. ΔABC-ға $ADEF$ параллелограмы іштей салынған, оның периметрі 22. $AB=9$, $AC=12$, параллелограмның қабырғаларын табыңыз.

Жауабы: 3; 8.

26. Параллелограмның диагональдары 19 және 23-ке тең, ал оның периметрі $P=58$. Параллелограмның қабырғаларын есептеңіз.

Жауабы: 11; 18.

27. Параллелограмм берілген, оның сүйір бұрышының шамасы $\frac{\pi}{3}$-ке тең. Егер диагональдарының ұзындықтарының квадраттарының қатынасы $\frac{1}{3}$-ге тең болса, параллелограмның қабырғаларының ұзындықтарының қатынасын табыңыз.

Жауабы: 1:1.

28. Доғал бұрышы 135° болатын параллелограмға ауданы 9π-ге тең дөңгелек іштей сызылған. Параллелограмның периметрі қандай?

Жауабы: $24\sqrt{2}$.

29. Параллелограмның диагональдары 4 және $\sqrt{32}$. Олар 45° бұрыш жасап қиылысады. Параллелограмның үлкен биіктігін табыңыз.

Жауабы: 4.

30. $ABCD$ параллелограмының A бұрышының биссектрисасы BC қабырғасын K нүктесінде қиып өтеді. Егер $BK=KC=5$, $AK=8$ болса, параллелограмның ауданын табыңыз.

Жауабы: 48.

www.nismath.org

31. Параллелограмның ауданы 3, сүйір бұрыштың синусы $\frac{3}{5}$, кіші диагоналінің квадраты 18-ге тең. Параллелограмның периметрін табыңыз.

Жауабы: 12.

32. Параллелограмның диагоналі оның бұрышын $60°$ және $45°$-қа бөледі. Параллелограмның қабырғаларының қатынасын табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{3}:\sqrt{2}$.

8.2.2

2 – топ. «Трапеция» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Трапецияның табандары 2 және 4, ал бүйір қабырғалары 2. Трапецияның диагональдарының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: $2\sqrt{3}$.

2. Трапецияның диагональдары өзара перпендикуляр, ал олардың ұзындықтары 7 және 15. Трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 52,5.

3. Бүйір қабырғалары мен кіші табаны 8, ал табанының сүйір бұрышы $\frac{\pi}{3}$. Трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: $48\sqrt{3}$.

4. Тең бүйірлі трапецияның ауданы 180. Орта сызығының ұзындығы 45, ал бүйір қабырғасының ұзындығы 5. Трапецияның кіші табанының ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 42.

5. Табандары 8 және 12 болатын тең бүйірлі трапецияға іштей шеңбер сызылған орналасқан. Шеңбердің ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 4π.

6. Табандары 10 және 24, ал бүйір қабырғасы 25-ке тең болатындай тең бүйірлі трапецияның ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 408.

www.nismath.org

7. Трапецияның табандарының ұзындықтары 3 және 4. Орта сызық трапецияның ауданын қандай қатынаста бөледі?

Жауабы: 13:15.

8. Трапеция дөңгелекке сырттай сызылған. Оның орта сызығы 10-ға тең екендігін біле отырып, оның периметрін табыңыз

Жауабы: 40.

9. Тең бүйірлі трапецияның диагоналі сүйір бұрышты қақ бөледі. Егер оның периметрі 48, ал үлкен табаны 18-ге тең болса, трапецияның орта сызығын табыңыз.

Жауабы: 14.

10. Оның бүйір қабырғалары 12 және 13-ке тең, ал табандарының қатынасы 4:9 қатынасында болатын, тік бұрышты трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 78.

11. Трапецияның бүйір қабырғалары мен биіктігі сәйкесінше 30; 25; 24 тең. Егер оның доғал бұрыштарының биссектрисалары үлкен табанда қиылысатын болса, трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 1 020.

12. Тең бүйірлі трапецияның ауданы $4\sqrt{3}$, кіші табаны 3-ке тең, ал үлкен табанымен бүйір қабырғасының арасындағы бұрыш $\frac{\pi}{3}$-ті құрайды. Үлкен табанды табыңыз.

Жауабы: 5.

13. Шеңберге сырттай тең бүйірлі трапеция салынған, оның табандарының ұзындықтары 3 және 6-ға тең. Шеңбердің радиусының квадратын табыңыз.

Жауабы: 4,5.

14. Тең бүйірлі трапецияның $8\sqrt{3}$-ке тең диагоналі табанмен бірге $30°$ құрайды. Трапецияның орта сызығы қаншаға тең?

Жауабы: 12.

www.nismath.org

15. ABE үшбұрышының периметрі 36-ға тең, мұндағы $BE \parallel CD$ және трапецияның кіші табаны 6-ға тең болса, $ABCD$ трапециясының периметрін табыңыз.

Жауабы: 48.

16. Тең бүйірлі трапецияның кіші табаны 6, үлкені – 12, ал табанының бұрышы $60°$. Трапецияға сырттай салынған шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 6.

17. Тең бүйірлі трапецияның бүйір қабырғасы $\sqrt{13}$, ал табандары 3 және 4. Трапецияның диагоналін табыңыз.

Жауабы: 5.

18. Трапецияның бүйір қабырғасы 10-ға тең болса, радиусы 4 болатын шеңберге сырттай сызылған тең бүйірлі трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 80.

19. Тік бұрышты трапецияның үлкен табаны 25, ал оның бұрышы $53°$. Кіші диагоналі бүйір қабырғасына перпендикуляр. Егер $\sin 53° \approx 0{,}8$ болса, трапецияның кіші табанын табыңыз.

Жауабы: 16.

20. Табандары $AD = 7$, $BC = 4$ $ABCD$ трапециясындағы ABD үшбұрышының ауданы 28-ге тең. ABC үшбұрышының ауданын табыңыз.

Жауабы: 16.

21. Бүйір қабырғасы 9-ға тең, тең бүйірлі трапецияға, радиусы 4 болатын шеңбер іштей сызылған. Трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 72.

B

22. Шеңберге табандары 4 және 12 болатын тең бүйірлі трапеция сырттай салынған. Бүйір қабырғалармен шеңбердің жанасу нүктелерін қосқандағы хорданың ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 6.

23. Тең бүйірлі трапецияның периметрі 71,8-ге тең. Трапецияның орта сызығы 21,4, ал үлкен бұрыштың биссектрисасы бүйір қабырғасына параллель. Кіші табанының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 14,15.

www.nismath.org

24. Дөңгелекке сырттай сызылған тең бүйірлі трапецияның ауданы 162. Оның табанының сүйір бұрышы 30° болса, трапецияның бүйір қабырғасының ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 18.

25. Оған шеңберді іштей сызуға болатын тең бүйірлі трапецияның ауданы 2-ге тең. Табанындағы бұрышы 30°-қа тең болса, трапецияның қабырғаларын анықтаңыз.

Жауабы: $2+\sqrt{3}$; 2; $2-\sqrt{3}$.

26. Параллель қабырғалары 60 және 20, ал параллель емес қабырғалары 13 пен 37 болатын, трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 480.

27. Тең бүйірлі трапецияның ауданы S, ал бүйір қабырғасына қарсы жатқан оның диагональдары арасындағы бұрыш α-ға тең. Трапецияның биіктігін табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{S\cdot \operatorname{tg}\frac{\alpha}{2}}$.

28. Тең бүйірлі трапецияға іштей сызылған шеңбердің центрінен бастап, жоғарғы табанның төбесіне дейінгі қашықтық 15, ал төменгі табанның төбесіне дейінгі қашықтық 20-ға тең. Осы трапецияның ауданы қаншаға тең?

Жауабы: 600.

29. $ABCD$ трапециясының орта сызығы оны орта сызықтары 13 және 17 болатындай екі трапецияға бөледі. $ABCD$ трапециясының үлкен табанын табыңыз.

Жауабы: 19.

30. $ABCD$ $(AB \| DC)$ трапециясы берілген. Егер $AB=6$, $BC=3$, $CD=4$ және $DA=2$ болса, C бұрышының косинусын табыңыз.

Жауабы: $-\frac{3}{4}$.

31. Табандары BC және AD $ABCD$ трапециясының диагональдары O нүктесінде қиылысады. $BO=2$, $DO=4$ және BOC үшбұрышының ауданы 6-ға тең болса, осы трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 54.

www.nismath.org

32. Трапецияның табандары 8 және 12, ал сүйір бұрыштарының бірі 30°. Бүйір қабырғаларының созындылары 90° бұрыш жасап қиылысады. Трапецияның биіктігін табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{3}$.

33. Тең бүйірлі трапецияға іштей сызылған шеңбер, жанасу нүктесімен бүйір қабырғаны $1:9$ қатынасында бөледі. Осы шеңбердің ұзындығы 6π-ге тең. Трапецияның периметрі қаншаға тең?

Жауабы: 40.

34. Трапецияның табандары 10 және 31, ал бүйір қабырғалары 20 және 13. Трапецияның биіктігін табыңыз.

Жауабы: 12.

35. Тең бүйірлі трапецияның кіші табаны 10, бүйір қабырғасы 18, ал диагоналі 22-ге тең. Трапецияның үлкен табанын табыңыз.

Жауабы: 16.

36. Сүйір бұрышы 53° тең бүйірлі трапецияның ауданы 5 120-ға тең. Егер $\sin 53° \approx 0{,}8$ болса, осы трапецияға іштей сызылған шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 32.

37. Тең бүйірлі трапецияның диагоналі оның бүйір қабырғасына перпендикуляр. Оның диагоналі мен бүйір қабырғасы сәйкесінше $\sqrt{75}$ және 5-ке тең болса, трапецияның ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $\frac{75\sqrt{3}}{4}$.

38. Тең бүйірлі трапецияның үлкен табаны кіші табанынан үш есе артық. Трапецияның ауданы $\sqrt{3}$-ке тең. Егер трапеция шеңберге сырттай сызылса, оның бүйір қабырғасын табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{2}$.

39. Трапецияның табандарының ұзындықтары 5 және 15, ал диагональдарының ұзындықтары 12 және 16. Трапецияның ауданын табыңыз.

Жауабы: 96.

www.nismath.org

40. Тік бұрышты трапецияға радиусы 3 болатын шеңбер іштей сызылған. Трапецияның кіші табаны 4-ке тең. Трапецияның қалған қабырғаларын табыңыз.

Жауабы: 6; 10; 12.

41. Трапецияның орта сызығының ұзындығы 4, табандарының бұрыштарының бірі 40° және 50°, ал табандарының орталарын қосатын кесіндінің ұзындығы 1-ге тең. Трапецияның табандарының ұзындықтарын табыңыз.

Жауабы: 3; 5.

42. Трапеция табанының доғал бұрыштарының биссектрисалары оның басқа табанында қиылысады. Егер оның биіктігі 12, ал биссектрисалары 15 және 13-ке тең болса, трапецияның барлық қабырғаларын табыңыз.

Жауабы: 14; 12,5; 29,4; 16,9.

8.2.3

3 – тобы. «Тік төртбұрыш» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Тік төртбұрыштың қабырғалары 3:4 қатынасында болады, ал оның диагоналі 50-ге тең. Тік төртбұрыштың периметрін табыңыз.

Жауабы: 140.

2. Квадраттың диагоналі 26-ға тең. Оның төбелері квадраттың қабырғаларының орталары болып табылатын, төртбұрыштың периметрін табыңыз.

Жауабы: 52.

3. Тік төртбұрыштың қабырғалары 5 және 4. Үлкен қабырғаға іргелес бұрыштардың биссектрисалары қарсы жатқан қабырғаны үш бөлікке бөледі. Осы бөліктердің ұзындықтарын табыңыз.

Жауабы: 1; 1; 3.

4. Катеттері 3 және 6 болатын тік бұрышты үшбұрышқа осы үшбұрышпен тік бұрышы ортақ іштей салынған квадраттың қабырғасын табыңыз.

Жауабы: 2.

www.nismath.org

5. Квадратқа сырттай салынған дөңгелектің ауданы 8π-ге тең. Квадраттың ауданын табыңыз.

Жауабы: 16.

6. Қабырғасы 1-ге тең квадрат берілген. Оның диагоналі басқа квадраттың қабырғасы болып табылады. Соңғысының диагоналін табыңыз.

Жауабы: 2.

7. Егер тік төртбұрыштың табанының ұзындығын 50%-ға арттырсақ, ал биіктігін 50%-ға азайтсақ, онда оның ауданы қанша пайызға өзгереді?

Жауабы: 25% азаяды.

8. Радиусы R шеңберге іштей сызылған квадраттың ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $2R^2$.

9. Бір–бірімен жанасатын және әрқайсысы тік төртбұрыштың үш қабырғасымен жанасатындай радиустары r екі шеңбер тік төртбұрышқа іштей сызылған тік төртбұрыштың ауданын табыңыз.

Жауабы: $8r^2$.

10. Квадраттың ауданының оған іштей сызылған дөңгелектің ауданына қатынасын есептеңіз.

Жауабы: $\frac{4}{\pi}$.

11. AE және CF $ABCD$ тік төртбұрышының, BD диагоналіне A және C төбелерінен түсірілген перпендикулярлар. Диагональдар арасындағы бұрыш $30°$, ал $CF=2$. EF кесіндісін табыңыз.

Жауабы: $4\sqrt{3}$.

12. K нүктесінде AD қабырғасын қиып өтетіндей қабырғасы 4-ке тең $ABCD$ квадратының C төбесінен түзу жүргізілген. KC кесіндісі 5-ке тең, BKC үшбұрышының BM биіктігін анықтаңыз.

Жауабы: 3,2.

www.nismath.org

13. CD қабырғасын E нүктесінде, ал BC қабырғасының созындысын M нүктесінде қиып өтетіндей қабырғасы 4-ке тең $ABCD$ квадратының A төбесі арқылы түзу жүргізілген. $DE:CE=3:2$. MC кесіндісін табыңыз.

Жауабы: $2\frac{2}{3}$.

14. Тік төртбұрыштың қабырғалары 8 және 15-ке тең. Олардың диагональға түсірілген проекцияларын табыңыз.

Жауабы: $3\frac{13}{17}$; $13\frac{4}{17}$.

15. Тік төртбұрыштың периметрі 28, ал оның ауданы – 48. Тік төртбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 10π.

16. Тік төртбұрыш диагональдарымен төрт үшбұрышқа бөлінген. Олардың бірінің ауданы 27-ге тең. Тік төртбұрыштың ауданы қаншаға тең?

Жауабы: 108.

17. Төбелері квадраттың қабырғаларының орталарымен сәйкес келетіндей квадратқа төртбұрыш іштей салынған. Іштей салынған төртбұрыштың ауданы 36-ға тең. Квадраттың ауданын табыңыз.

Жауабы: 72.

18. Тік төртбұрыштың қабырғалары 3 және 1; өзара қиылысатындай биссектрисалар жүргізілген. Олардың қиылысуынан пайда болған төртбұрыштың ауданын табыңыз.

Жауабы: 2.

19. $ABCD$ тік төртбұрышының AB қабырғасы 24, ал диагоналі 25-ке тең. AB қабырғасында жатқан K нүктесі A төбесінен қашықтығы 14-ке тең. K нүктесінен BD диагоналіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 2,8.

В

20. Шеңбер квадраттың екі көршілес қабырғаларымен жанасады, ал қалған қабырғаларының әрқайсысын 2 және 23-ке тең кесінділерге бөледі. Шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 17.

www.nismath.org

21. $ABCD$ тік төртбұрышының BC қабырғасынан алынған M нүктесінен AB және AD қабырғалары тең бұрыштармен көрінеді. $AB=80$, ал $AD=89$ болса, M нүктесі BC қабырғасын қандай бөліктерге бөледі?

Жауабы: 39; 50.

22. Радиусы 13 болатын шеңбер қабырғасы 18-ге тең квадраттың екі көршілес қабырғаларымен жанасады. Шеңбер квадраттың екі басқа қабырғаларының әрқайсысын қандай екі кесіндіге бөледі?

Жауабы: 1; 17.

23. $ABCD$ тік төртбұрышының A бұрышының төбесінен түсірілген перпендикуляры осы төбе арқылы өтпейтін диагональды B төбесінен бастап, оны $1:3$ қатынасында бөледі. Диагональ 6-ға тең. Диагональдардың қиылысу нүктесінен бастап, үлкен қабырғаға дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 1,5.

24. Тік төртбұрыштың диагоналі оның бұрышын $1:2$ бөледі. Егер екі диагональдардың және кіші қабырғалардың қосындысы 24-ке тең болса, тік төртбұрыштың диагоналін анықтаңыз.

Жауабы: 8.

25. Тік төртбұрыштың периметрі 32, ал оның ауданы 48-ге тең. Оның диагональдары арасындағы бұрыштың синусын табыңыз.

Жауабы: $\frac{3}{5}$.

26. Тік төртбұрыштың ауданының квадраттың ауданына қатынасы $\sqrt{3}:4$ қатынасындай, мұндағы квадраттың қабырғасы тік төртбұрыштың диагоналіне тең. Тік төртбұрыштың диагональдарының арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $60°$.

27. Тік төртбұрыштың екі төбесінен оның диагоналіне түсірілген перпендикулярлар, оны тең үш бөлікке бөледі. Тік төртбұрыштың кіші қабырғасы a-ға тең. Үлкен қабырғасын табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{2}\,a$.

www.nismath.org

28. Тік төртбұрыштың диагональдары 30° бұрыш жасап қиылысады, ал оған сырттай сызылған дөңгелектің ауданы 144π-ге тең. Тік төртбұрыштың ауданын табыңыз.

Жауабы: 144.

29. $ABCD$ тік төртбұрышында K нүктесі AB қабырғасын $AK:KB=3:4$ қатынасында бөледі, ал M нүктесі CD қабырғасын $DM:MC=5:3$ қатынасында бөледі. Тік төртбұрыштың ауданын KM кесіндісі қандай қатынаста бөледі?

Жауабы: $\frac{53}{59}$.

30. Тік төртбұрыштың периметрі 46-ға тең. Тік бұрыштың биссектрисасы диагональды 8:15 қатынасында бөледі. Тік төртбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 17π.

8.2.4

4 – тобы. «Ромб» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

A

1. Қабырғасы 12-ге тең және бұрышы $\frac{\pi}{3}$ болатын ромбының төбесінен кіші диагональ жүргізілген. Пайда болған үшбұрыштардың біріне шеңбер іштей сызылған. Оның радиусын табыңыз.

Жауабы: $2\sqrt{3}$.

2. a және b ромбының диагональдары. Ромбының биіктігін табыңыз.

Жауабы: $\frac{ab}{\sqrt{a^2+b^2}}$.

3. Ромбының диагональдарының қатынасы 2:1 қатынасындай, ал ауданы 5-ке тең. Ромбының қабырғасын табыңыз.

Жауабы: 2,5.

4. Ромбының сүйір бұрышы 30°-қа тең. Ромбыға іштей сызылған шеңбердің радиусы 3-ке тең. Ромбының ауданын табыңыз.

Жауабы: 72.

www.nismath.org

5. Ромбының ауданы 3 360. Оның диагональдарының бірі 84-ке тең. Ромбының қабырғасын табыңыз.

Жауабы: 58.

6. Ромбының бұрыштарының бірі $120°$, ал осы бұрыштың төбесінен шығатын диагональ 10-ға тең. Ромбының периметрін табыңыз.

Жауабы: 40.

7. Ромбының бұрыштарының бірі $120°$-қа тең. Ромбының диагональдарының қиылысу нүктесі ромбының қабырғасынан $2\sqrt{3}$ қашықтықта. Ромбының периметрін табыңыз.

Жауабы: 32.

8. Ауданы 98 болатын ромбының бұрыштарының бірі $150°$-қа тең. Ромбының периметрін табыңыз.

Жауабы: 56.

9. Периметрі 24, ал ауданы 18 тең болатын, ромбының бұрыштарын табыңыз.

Жауабы: $30°$ и $150°$.

10. Ромбыға іштей сызылған шеңбердің жанасу нүктесі, оның қабырғасын 9 және 16 кесінділеріне бөледі. Оның диагональдарын табыңыз.

Жауабы: 30; 40.

11. Ромбының биіктігі $\sqrt{3}$-ке тең. Егер олардың бірі ромбының қабырғасына тең болса, ромбының диагональдарын табыңыз.

Жауабы: 2; $2\sqrt{3}$.

12. Ромбыға іштей сызылған шеңбердің радиусы 5-ке тең. Ромбының периметрі 80. Ромбының сүйір бұрышын есептеңіз.

Жауабы: $30°$.

13. Ромбының периметрі 112-ге тең, оның бұрыштарының бірі $45°$-қа тең. Осы ромбыға іштей сызылған шеңбердің радиусын есептеңіз.

Жауабы: $7\sqrt{2}$.

www.nismath.org

14. $ABCD$ ромбысының биіктігі h-қа тең, ал $\angle ABC = 120°$. BC қабырғасынан M нүктесі алынған. AMD үшбұрышының ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{h^2\sqrt{3}}{3}$.

15. Қабырғасы 4 болатын ромбыға іштей сызылған шеңбердің радиусы 1-ге тең. Ромбының сүйір бұрышының синусын табыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{2}$.

16. Ромбының периметрі 24-ке тең. Ромбының диагональдарының бірі ромбының қабырғасымен 75° құрайды. Ромбының қарама–қарсы қабырғалары арасындағы қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 3.

17. Сүйір бұрышы 30° болатын ромбыға дөңгелек іштей сызылған. Дөңгелек ауданының ромбының ауданына қатынасын табыңыз.

Жауабы: $\frac{\pi}{8}$.

18. Ромбының периметрі 52-ге тең, ал оның диагональдарының қосындысы 34-ке тең. Ромбының ауданын табыңыз.

Жауабы: 120.

19. Ромбының қабырғасы 5 және диагональдарының бірі 6-ға тең. Ромбының ауданын табыңыз.

Жауабы: 24.

20. Дөңгелекке сырттай сүйір бұрышы 37° болатын ромб салынған. Ромбының қабырғасы 50-ге тең. Егер $\sin 37° \approx 0,6$ болса, дөңгелектің диаметрін табыңыз.

Жауабы: 30.

21. Үлкен диагоналі 10-ға тең, ал оған іштей сызылған шеңбердің радиусы 3-ке тең екендігін біле отырып, ромбының периметрін табыңыз.

Жауабы: 25.

22. Ромбының ауданы периметрі ромбтың периметріндей квадраттың ауданынан екі есе кем. Ромбының бұрыштарын табыңыз.

Жауабы: $30°$; $150°$.

www.nismath.org

23. Бұрышы α болатын және осы бұрыштың төбесінен жүргізілген диагональ d -ға тең ромбының ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{d^2}{2}\operatorname{tg}\frac{\alpha}{2}$.

B

24. ABC сүйір бұрышының тангенсі $\sqrt{15}$ және $AC=4$ болатын $ABCD$ ромбының ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{8\sqrt{15}}{3}$.

25. Ромбының диагоналі оның доғал бұрышының төбесінен жүргізілген биіктігін ұзындықтары 10 және 6 болатын кесінділерге бөледі. Ромбының периметрін табыңыз.

Жауабы: 80.

26. Ауданы 2400 болатын ромбыға іштей сызылған шеңбердің радиусы 24-ке тең. Ромбының диагональдарын табыңыз.

Жауабы: 60; 80.

27. Диагональдары 15 және 20 болатын, $ABCD$ ромбысында, C доғал бұрышының төбесінен: CE және CF екі биіктік жүргізілген. $AECF$ төртбұрышының ауданын есептеңіз.

Жауабы: 108.

28. Ромбының диагональдарының қатынасы 3:4 қатынасындай. Ромбының ауданының ромбыға іштей сызылған дөңгелектің ауданына қатынасын анықтаңыз.

Жауабы: $\frac{25}{6\pi}$.

29. Екі тең дөңгелектердің қиылысуында диагональдары 12 және 6 болатын ромб орналасқан. Шеңберлердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 7,5.

30. Оның ауданы 24, ал диагональдарының қатынасы – 0,75-ке тең ромбының қабырғасын анықтаңыз.

Жауабы: 5.

www.nismath.org

31. Ромбыға дөңгелек іштей сызылған, ал дөңгелекке квадрат іштей салынған. Егер квадраттың ауданы ромбының ауданынан 4 есе кіші болса, ромбының бұрышы қаншаға тең?

Жауабы: $30°$.

32. $ABCD$ ромбында A төбесінің бұрышы $\frac{\pi}{3}$-ке тең. N нүктесі AB қабырғасын $AN:BN=2:1$ қатынасында бөледі. DNC бұрышының тангенсін анықтаңыз.

Жауабы: $\frac{9\sqrt{3}}{11}$.

8.3.1
www.nismath.org

§ 3. ШЕҢБЕР ЖӘНЕ ДӨҢГЕЛЕК

1-тобы. «Шеңбер және дөңгелек» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Радиустары 3 және 5 болатын екі шеңбер бір–біріне сырттай жанасады. Екі ортақ сыртқы жанамалар жүргізілген. Осы жанамалардың қиылысу нүктесінен үлкен шеңбердің центріне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 20.

2. Радиусы 10 болатын шеңберге AB хордасы жүргізілген, ол 2α -ға тең центрлік бұрышының доғасын қиып өтеді. Хорданың ортасы арқылы OC радиусы жүргізілген. Егер $\cos\alpha \approx 0{,}8$ болса, CD кесіндісінің ұзындығын табыңыз (мұндағы D – хорданың және OC радиусының қиылысу нүктесі).

Жауабы: 2.

3. Радиустары 1-ге тең өзара жанасатын төрт шеңбердің центрлері квадраттың төбелерінде орналасқан. Оларға сырттай сызылған және олармен жанасатын шеңбердің радиусын анықтаңыз.

Жауабы: $\sqrt{2}+1$.

4. Шеңбердің бойындағы нүктеден диаметр және ұзындығы 30-ға тең хорда жүргізілген. Хорданың диаметрдегі проекциясының шеңбердің радиусына қатынасы $18:25$ қатынасындай. Шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 25.

5. Шеңберде екі қиылысатын хорда жүргізілген. Олардың қиылысу нүктесі арқылы бірі 2 және 6 кесінділеріне бөлінеді, ал екінші хорданың ұзындығы 7-ге тең. Екінші хорданың кесінділерін табыңыз.

Жауабы: 3; 4.

6. Радиустары 20 және 5 болатын екі шеңбер сырттай жанасады және оларға ортақ жанама жүргізілген. Жанасу нүктелері арасындағы қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 20.

www.nismath.org

7. A нүктесі дөңгелектің центрінен диаметр қашықтығында дөңгелектен тыс жатыр. A нүктесінен осы шеңберге жүргізілген жанамалар арасындағы бұрышты анықтаңыз.

Жауабы: $60°$.

8. Шеңбердің AB диаметріне перпендикуляр CD хордасы жүргізілген. Олардың қиылысу нүктесі диаметрді 18 және 32-ке тең кесінділерге бөледі. CD хордасының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 48.

9. Шеңбердің радиусына тең AB хордасының ұштары арқылы D нүктесінде қиылысатын екі жанама жүргізілген. ADB бұрышын табыңыз.

Жауабы: $120°$.

10. M нүктесі радиусы 9-ға тең шеңбердің PK хордасын $PM=7$, $MK=8$ екі кесіндіге бөледі. M нүктесінен шеңбердің центріне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 5.

11. Үшбұрыштың төбелері оған сырттай сызылған шеңбердің толық доғасын $1:2:3$ қатынасында бөледі. Осы үшбұрыштың ең кіші қабырғасы $\sqrt{6}$-ға тең. Оның ауданын табыңыз.

Жауабы: $3\sqrt{3}$.

12. Әрқайсысы екіншісінің центрі арқылы өтетіндей екі тең шеңбер орналасқан. Олардың ортақ хордасы әр шеңбердің центрінен қандай бұрышта көрінеді?

Жауабы: $120°$.

13. $6\sqrt{3}$-ке тең хорда $120°$-тық доғаны керіп тұр. Осы хорда жүргізілген шеңбердің ұзындығы қаншаға тең?

Жауабы: 12π.

14. AB – дөңгелектің диаметрі, BC – жанаманың кесіндісі; шеңбер мен AC түзуінің қиылысу нүктесі D. Берілгені: $AD=32$, $DC=18$. Дөңгелектің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 400π.

www.nismath.org

15. Бір нүктеден шығатын жанама мен қиюшы сәйкесінше 20 және 40-қа тең. Қиюшының центрден қашықтығы 8. Дөңгелектің ауданын табыңыз.

Жауабы: 289π.

16. A, B, C нүктелері шеңбердің бойында жатыр. BAC бұрышының биссектрисасы осы шеңберді M нүктесінде қияды. $\angle BAC = 80°$ болса, BMC үшбұрышының бұрыштарын табыңыз.

Жауабы: $100°$; $40°$; $40°$.

17. Түзуден центрлері әртүрлі жағында орналасқан шеңберлер, осы түзуге жанасады. Центрлердің сызығы $30°$-тық бұрышпен түзуді қияды. Олардың радиустары 3 және 5 болса, шеңберлердің центрлері ара қашықтығын табыңыз.

Жауабы: 16.

18. Қабырғасы 20-ға тең квадратқа іштей және сырттай сызылған шеңберлермен шектелген сақинаның ауданын табыңыз.

Жауабы: 100π.

19. Дөңгелектің радиусы 25-ке тең; 14 және 40-қа тең болатын екі параллель хордалар, диаметрдің бір жағында жатыр. Олардың арасындағы қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 9.

20. Дөңгелек диаметрінің бір ұшынан оған параллель хордалардың ұштарына дейінгі қашықтықтары 13 және 84-ке тең. Дөңгелектің диаметрін табыңыз.

Жауабы: 85.

21. $\alpha = 60°$-тық бұрышына $r = 6$ радиусты шеңбер іштей сызылған, бұрыштың қабырғаларымен оның жанасу нүктелері A және B. AB кесіндісінің ұзындығын табыңыз.

Жауабы: $6\sqrt{3}$.

22. Центрі O шеңберге A нүктесінен AB жанамасы жүргізілген, B нүктесі шеңберде жатыр, $AB = 12$. Сондай-ақ A нүктесі арқылы түзу жүргізілген, ол O нүктесі арқылы өтіп, C және D нүктелерінде шеңберді қияды, C нүктесі A және D арасында жатыр, $AC = 4$. Шеңбердің диаметрін табыңыз.

Жауабы: 32.

www.nismath.org

23. Диаметрдің ұштары жанамадан 1 және 3-ке тең қашықтықта. Шеңбердің диаметрін табыңыз.

Жауабы: 4.

24. $AM:BM=4:3$, $AB=14$ болатындай, M нүктесі AB хордасында жатыр. Шеңбердің центрінен M нүктесіне дейінгі қашықтық 4-ке тең. Шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 8.

В

25. Жанасатын екі шеңбердің біреуінің радиусы 1-ге тең, ал олардың ортақ жанамасының ұзындығы 4-ке тең. Екінші шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 4.

26. Шеңбердің центрінен әртүрлі жақтарда жатқан ұзындықтары 12 және 16 болатын параллель хордалар жүргізілген. Олардың арасындағы қашықтық 14-ке тең. Шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 10.

27. CD диаметрі шеңбердің AB хордасына параллель. $AC=3$, $BC=4$ болса, осы хорданың ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 1,4.

28. Шеңбердің радиусы r-ге тең. M нүктесінен шеңбердің центрі арқылы MB қиюшы және MA жанамасы жүргізілген, мұндағы $MB=2MA$. M нүктесі шеңбердің центрінен қандай қашықтықта болатындығын табыңыз.

Жауабы: $\frac{5}{3}r$.

29. Шеңберден тыс жатқан нүктеден екі жанама жүргізілген және шеңбердің доғасымен және жанамалармен шектелген фигураға, екінші шеңбер іштей сызылған. Осы нүктеден шеңберлердің центрлеріне дейінгі қашықтық 6 және 18-ге тең. Шеңберлердің радиустарын табыңыз.

Жауабы: 3; 9.

www.nismath.org

30. Екі шеңбер сырттай жанасқан; радиустарының қатынасы 2-ге тең; жанасу нүктелері арасындағы олардың сыртқы жанамасының кесіндісі a -ға тең. Осы шеңберлердің радиустарын табыңыз.

Жауабы: $\frac{a\sqrt{2}}{4}$; $\frac{a\sqrt{2}}{2}$.

31. $R=5\sqrt{3}$ радиусты шеңбер берілген. Диаметрдің бір ұшынан жанама, ал екінші ұшынан $120°$-тық доғаны кететін хорда жүргізілген; хорданы созып, жанамамен қиылыстырғандағы қиюшының сыртқы бөлігін анықтаңыз.

Жауабы: 5.

32. Екі шеңберлердің әрқайсысы екіншісінің центрі арқылы өтеді. Олардың қиылысу нүктесі арқылы шеңберлерге жүргізілген жанамалардың арасындағы бұрышты анықтаңыз.

Жауабы: $120°$.

33. Шеңбердің радиусы 8-ге тең, ал хордасы $AB=12$. A нүктесі арқылы жанама жүргізілген, ал B нүктесінен – жанамаға параллель BD хордасы жүргізілген. Жанамадан BD хордасына дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 9.

34. Шеңбердің хордасы 10-ға тең. Хорданың бір ұшы арқылы шеңберге жанама жүргізілсе, ал екіншісі арқылы – жанамаға параллель қиюшы жүргізілген. Қиюшының ішкі кесіндісі 12-ге тең болса, шеңбердің радиусын анықтаңыз.

Жауабы: 6,25.

35. ABC үшбұрышына сырттай шеңбер салынған. Үшбұрыштың AM медианасының созындысы шеңбермен K нүктесінде қиылысады. $AM=18$, $MK=8$, $BK=10$ болса, AC қабырғасын табыңыз.

Жауабы: 15.

36. Ұзындығы 30-ға тең хордалардың ұштары арқылы A нүктесінде қиылысатындай екі жанама жүргізілген. Егер шеңбердің радиусы 17-ге тең болса, A нүктесінен хордаға дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $\frac{225}{8}$.

www.nismath.org

37. Бір нүктеден шеңберге екі жанама жүргізілген. Әрбір жанаманың ұзындығы 13, ал жанасу нүктелері арасындағы қашықтық 24-ке тең. Шеңбердің радиусыны табыңыз.

Жауабы: 31,2.

38. Шеңбердің нүктесінен диаметрге түсірілген перпендикуляр, оны айырмасы 18 болатын кесінділерге бөледі. Перпендикулярдың ұзындығы 12-ге тең. Диаметрді табыңыз.

Жауабы: 30.

39. $ABCD$ төртбұрышында $\angle CBD = 58°$, $\angle ABD = 44°$, $\angle ADC = 78°$ екендігі белгілі. CAD бұрышын табыңыз.

Жауабы: $58°$.

40. AB диаметрі болатындай етіп, ABC үшбұрышының AB қабырғасына дөңгелек салынған, ол сәйкесінше M және N нүктелерінде BC және AC қабырғаларын қиып өтеді. BCA бұрышы $60°$-қа тең. $ABMN$ төртбұрышының ауданы ABC үшбұрышы ауданының қандай бөлігін құрайды?

Жауабы: $\frac{3}{4}$.

41. Диаметрі AB болатындай ABC үшбұрышының AB қабырғасында дөңгелек салынған, ол сәйкесінше D және E нүктелерінде AC және BC қабырғаларын қиып өтеді. Егер DCE және ABC үшбұрыштарының аудандары $1:4$ қатынасында болса, CBD бұрышын табыңыз.

Жауабы: $30°$.

42. Диаметрі AB болатындай $ABC\ (AB = BC)$ тең бүйірлі үшбұрышының AB бүйір қабырғасында салынған жартылай дөңгелек, екінші бүйір қабырғасын K нүктесінде, ал табанды – D нүктесінде қиып өтеді. DC ұзындығы 3-ке тең, ал бүйір қабырғасына жүргізілген биіктігі – $4\sqrt{2}$-ге тең. BAK үшбұрышының ауданы, ABC үшбұрышы ауданының қандай бөлігін құрайтынын табыңыз.

Жауабы: $\frac{7}{9}$.

www.nismath.org

IX ТАРАУ. СТЕРЕОМЕТРИЯ

§ 1. КЕҢІСТІКТЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАР МЕН БҰРЫШТАРДЫ ЕСЕПТЕУ

1 – тобы. «Перпендикуляр және көлбеу» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

9.1.1

А

1. Сүйір бұрышы 30° тік бұрышты үшбұрышқа сырттай сызылған дөңгелектің центрінен, оның жазықтығына ұзындығы 6-ға тең перпендикуляр жүргізілген. Үшбұрыштың жазықтығынан тыс жатқан перпендикулярдың ұшынан үлкен катетке дейінгі қашықтығы 10. Үшбұрыштың гипотенузасын табыңыз.

Жауабы: 32.

2. ABC тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 15 және 20-ға тең. Осы үшбұрыштың жазықтығына C тік бұрышының төбесінен $CD = 35$ перпендикуляры жүргізілген. D нүктесінен AB гипотенузасына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 37.

3. Дөңгелектің центрінен оның жазықтығына OD перпендикуляры жүргізілген. Егер перпендикулярдың ұзындығы a-ға тең, ал дөңгелектің ауданы S болса, осы перпендикулярдың D ұшынан шеңбердің бойындағы нүктелерге дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: $\sqrt{\frac{S}{\pi}+a^2}$.

4. Жазықтық берілген: кеңістіктің белгілі бір нүктесінен осы жазықтыққа ұзындықтары 20 және 15 болатын екі көлбеу жүргізілген; олардың біріншісінің жазықтықтағы проекциясы 16-ға тең. Екінші көлбеудің жазықтықтағы проекциясын табыңыз.

Жауабы: 9.

5. Кеңістіктің белгілі бір нүктесінен осы жазықтыққа 6-ға тең перпендикуляр және ұзындығы 9 болатын көлбеу жүргізілген. Көлбеуге түсірілген перпендикулярдың проекциясын табыңыз.

Жауабы: 4.

www.nismath.org

6. Тең қабырғалы үшбұрыштың қабырғасы 3-ке тең. Әр төбесінен қашықтығы 2 болатын нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 1.

7. Белгілі бір нүктеден жазықтыққа екі көлбеу жүргізілген, олардың әрқайсысы 2-ге тең; олардың арасындағы бұрыш $60°$, ал олардың проекциялары арасындағы бұрыш – тік бұрыш. Осы нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{2}$.

8. $ABCD$ төртбұрышы – квадрат, O нүктесі – оның центрі. OM түзуі квадраттың жазықтығына перпендикуляр. Егер $AB=4$, $OM=1$ болса, MA-ны табыңыз.

Жауабы: 3.

9. ABC тең бүйірлі үшбұрышының бүйір қабырғасы 15-ке тең, ал табаны $AC=6$. Оған іштей сызылған дөңгелектің O центрінен үшбұрыштың жазықтығына 2-ге тең OK перпендикуляры жүргізілген. K нүктесінен үшбұрыштың қабырғаларына дейінгі қашықтықтарды табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{10}$.

10. $ABCD$ ромбының жазықтығынан тыс жатқан S нүктесі оның төбелерінен бірдей қашықтықта орналасқан. Егер $BD=8$ болса, $ABCD$ ауданын табыңыз.

Жауабы: 32.

11. S нүктесінен α жазықтығына SB көлбеуі жүргізілген, оның α жазықтығындағы проекциясы AB кесіндісі. Егер $SA=5$, $SB=13$ болса, AB-ны есептеңіз.

Жауабы: 12.

12. ABC тең бүйірлі үшбұрышының BC табаны 12, бүйір қабырғасы 10. A төбесінен ABC үшбұрышының жазықтығына перпендикуляр $AD=6$ кесіндісі жүргізілген. D нүктесінен BC қабырғасына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 10.

www.nismath.org

13. Нүктеден жазықтыққа ұзындықтары 4 және 8 болатын екі көлбеу жүргізілген. Егер олардың жазықтықтағы проекцияларының қатынасы $1:7$ қатынасындай болса, нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{15}$.

14. Тік бұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен оның жазықтығына ұзындығы 5 болатын, перпендикуляр жүргізілген. Осы перпендикулярдың төбесінен гипотенузаның ұштарына дейінгі қашықтықтары 9 және 13. Үшбұрыштың гипотенузасын анықтаңыз.

Жауабы: $10\sqrt{2}$.

15. ABC тік бұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен осы үшбұрыштың жазықтығына CM перпендикуляры жүргізілген. Егер $CM=1$, $AM=BM=3$ болса, AB гипотенузасын табыңыз.

Жауабы: 4.

16. Екі нүктенің жазықтықтан қашықтықтары 8 және 23-ке тең; осы жазықтыққа берілген нүктелерден түсірілген перпендикулярлардың табандары арасындағы қашықтық 20-ға тең. Берілген нүктелер арасындағы қашықтықты есептеңіз (нүктелер жазықтықтың бір жағында жатыр).

Жауабы: 25.

17. AB кесіндісінің ұзындығы 15, ал осы кесіндінің жазықтықтағы проекциясы – 12-ге тең. Осы кесіндінің A төменгі ұшының жазықтықтан қашықтығы 16. Осы кесіндінің B жоғарғы ұшы жазықтықтан қандай қашықтықта болады? (AB кесіндісі жазықтықты қиып өтпейді).

Жауабы: 25.

18. AB кесіндісінде C нүктесі таңдап алынған, мұндағы $AC:CB=3:5$. A нүктесінен 12, ал B нүктесінен 28-ге тең қашықтықта болатындай C нүктесінен жазықтыққа дейінгі қашықты табыңыз (AB кесіндісі жазықтықты қиып өтпейді).

Жауабы: 18.

19. Қабырғасы 6 және бұрышы $60°$ болатын ромб берілген. M нүктесінің ромб жазықтығынан қашықтығы 3-ке тең және оның қабырғаларынан тұратын түзулерден бірдей қашықтықта. Осы қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $\frac{3\sqrt{7}}{2}$.

www.nismath.org

20. α жазықтығынан тыс жатқан A нүктесінен осы жазықтыққа дейінгі қашықтық 5-ке тең. α жазықтығында жатқан BC түзуінен A нүктесінің осы жазықтықтағы проекциясына дейінгі қашықтық 12. BC түзуінен бастап, A нүктесіне дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 13.

21. Тік бұрышты үшбұрыштың барлық төбелерінен 6,5 қашықтықта болатын нүкте берілген. Катеттері 3 және 4-ке тең болса, осы нүктеден үшбұрыш жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 6.

22. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 6 және 8. M нүктесінен үшбұрыштың әр қабырғасына дейінгі қашықтығы 2,5-ға тең. M нүктесінен үшбұрыш жазықтығына дейінгі қашықты табыңыз.

Жауабы: 1,5.

B

23. Табаны 48 болатын тең бүйірлі үшбұрыштың ауданы 768-ге тең. Үшбұрыштың төбелерінен бірдей қашықтықта орналасқан үшбұрыш жазықтығынан тыс жатқан нүктеден осы жазықтыққа дейінгі қашықтық 60. Осы нүктеден үшбұрыш төбелеріне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 65.

24. ABC үшбұрышының A төбесінен үшбұрыш жазықтығына AK перпендикуляры жүргізілген. Егер $AC = AB = 13$, $BC = 10$, $AK = 16$ болса, BCK үшбұрышының ауданын табыңыз.

Жауабы: 100.

25. Тең бүйірлі үшбұрыштың табаны мен биіктігі 4-ке тең. Төбелерінен бірдей қашықтықта орналасқан және үшбұрыш жазықтығынан қашықтығы 6-ға тең нүкте берілген. Осы нүктеден үшбұрыш төбелеріне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 6,5.

26. ABC үшбұрышындағы $AC = BC = 10$, $\angle B = 30°$. BD түзуі үшбұрыш жазықтығына перпендикуляр, $BD = 5$. D нүктесінен AC түзуіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 10.

www.nismath.org

27. Үшбұрыштың қабырғалары 10; 17 және 21. Осы үшбұрыштың үлкен бұрышының төбесінен оның жазықтығына 15-ке тең перпендикуляр жүргізілген. Оның ұштарынан үлкен қабырғаға дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 8; 17.

28. ABC үшбұрышындағы C бұрышы тік; CD – осы үшбұрыштың жазықтығына перпендикуляр. D нүктесі A және B нүктелерімен қосылған. Егер $CA=3$, $BC=2$, $CD=1$ болса, ADB үшбұрышының ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 3,5.

29. $ABCD$ төртбұрышының A төбесінен оның жазықтығына AK перпендикуляры жүргізілген, оның K ұшының басқа төбелерден қашықтығы 6; 7 және 9. AK ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 2.

30. Гипотенузадан қашықтығы 10-ға тең ABC тік бұрышты үшбұрышының C тік бұрышының төбесі арқылы гипотенузаға параллель жазықтық жүргізілген. Осы жазықтықтағы катеттердің проекциясы 30 және 50-ге тең. Осы жазықтықтағы гипотенузаның проекциясын табыңыз.

Жауабы: 60.

31. Табаны $AC=18$ және бүйір қабырғасы 15-ке тең ABC тең бүйірлі үшбұрышы берілген. Оған іштей сызылған шеңбердің O центрі арқылы осы үшбұрыш жазықтығына $OK=6$ перпендикуляры жүргізілген. K нүктесі мен үшбұрыштың қабырғалары арасындағы қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 7,5.

32. $ABCD$ тік төртбұрышының жазықтығына A төбесінен AE перпендикуляры жүргізілген. Егер EB, EC және ED сәйкесінше 15; 24 және 20 болса, осы перпендикулярдың ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 7.

33. Тең бүйірлі трапецияның табандары сәйкесінше 4 және 9-ға тең. Оның әр қабырғасынан қашықтығы 5-ке тең трапецияның жазықтығынан тыс жатқан M нүктесі алынған. M нүктесі трапеция жазықтығынан қандай қашықтықта екендігін анықтаңыз.

Жауабы: 4.

www.nismath.org

34. Ромбының қабырғасының ортасынан оның жазықтығына перпендикуляр жүргізілген, оның жоғарғы ұшы ромбтың 16-ға тең үлкен диагоналінен қашықтығы ромб қабырғасының жартысына тең. Осы перпендикулярдың ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 4.

35. ABC тік бұрышты үшбұрышының A бұрышы 30°, ал гипотенузасы 8-ге тең. A төбесінен үшбұрыштың жазықтығына ұзындығы 1-ге тең AK перпендикуляры жүргізілген. K нүктесінен қарсы жатқан катеттің перпендикулярына дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 7.

36. Тең бүйірлі үшбұрыштың табаны мен биіктігі 8-ге тең. Нүкте үшбұрыш жазықтығынан қашықтығы 12-ге тең және оның төбелерінен бірдей қашықтықта болады. Осы қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 13.

37. $ABCD$ параллелограмындағы A және D төбелері берілген жазықтықта жатыр, ал басқа екеуі осы жазықтықтан тыс жатыр. $AB=15$, $BC=19$, ал жазықтықтағы параллелограмм диагональдарының проекциясы 20 және 22-ге тең. Осы жазықтықтағы параллелограмм қабырғаларының проекцияларын анықтаңыз.

Жауабы: 9; 19.

38. ABC үшбұрышында $AB=13$, $BC=14$, $AC=15$ екендігі белгілі. A төбесінен оның жазықтығына 5-ке тең AD перпендикуляры жүргізілген. D нүктесінен BC түзуіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 13.

39. Трапецияның табандары 28 және 36. Трапеция диагональдарының қиылысу нүктесінің кіші табан арқылы жүргізілген жазықтықтан қашықтығы 14-ке тең. Трапецияның үлкен табанынан осы жазықтыққа дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 32.

40. Радиусы 2-ге тең шеңбердің бойынан алынған A нүктесінен, дөңгелектің жазықтығына ұзындығы 1-ке тең AK перпендикуляры жүргізілген. A нүктесінен AB диаметрі, ал B нүктесінен диаметрмен 45° бұрыш жасайтын BC хордасы жүргізілген. K нүктесінен BC хордасына дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 3.

www.nismath.org

9.1.2

2–тобы. «Кеңістіктегі бұрыштарды есептеу» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Ұштарының жазықтықтан қашықтықтары 3 және 2-ге тең ұзындығы 10 болатын кесінді жазықтықты қиып өтеді. Осы кесінді мен жазықтық арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $30°$.

2. $ABCD$ квадратының жазықтығына A төбесі арқылы MA перпендикуляры жүргізілген. MC түзуі мен квадраттың жазықтығы арасындағы бұрыш $45°$, ал $MA=4\sqrt{2}$. Квадраттың ауданын табыңыз.

Жауабы: 16.

3. Жазықтықтан a қашықтықта болатын нүктеден екі көлбеу жүргізілген, олар жазықтықпен $45°$ бұрышты, ал өзара $60°$ бұрыш жасайды. Көлбеулердің ұштары арасындағы қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: $a\sqrt{2}$.

4. α жазықтығы ABD үшбұрышының AD қабырғасы арқылы өтеді. AB қабырғасы α жазықтығымен $30°$ бұрыш жасайды. Егер $AD=3$, $AB=5$, $BD=4$ болса, α және ABD жазықтықтары арасындағы бұрыштың синусын табыңыз.

Жауабы: $\frac{5}{8}$.

5. α жазықтығы $ABCD$ квадратының AD қабырғасы арқылы өтеді. BD диагоналі α жазықтығымен $45°$ бұрыш жасайды. Квадраттың жазықтығымен α жазықтығы арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $90°$.

6. ABC тең бүйірлі үшбұрышының BC табаны арқылы α жазықтығы жүргізілген; A төбесінен осы жазықтыққа дейінгі қашықтық 4-ке тең. Егер $BC=12$, $AB=AC=10$ болса, α жазықтығымен үшбұрыштың жазықтығы арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $30°$.

www.nismath.org

7. α және β жарты жазықтықтарынан жасалған екі жақты бұрыш $90°$-қа тең. A нүктесі екі жақты бұрыштың жақтарынан қашықтықтары 8 және 6-ға тең. A нүктесінен бастап, екі қырлы бұрыштың қабырғасына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 10.

8. α жазықтығы мен оны қиып өтпейтін $AB=13$ кесіндісі берілген. Кесіндінің ұштарынан жазықтыққа дейінгі қашықтықтары 5 және 8-ге тең болса, AB түзуін қамтитын көлбеу мен α жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын анықтаңыз.

Жауабы: $\frac{3}{13}$.

9. ABC үшбұрышының 5-ке тең BC қабырғасы α жазықтығында жатыр, ал A төбесінің α жазықтығынан қашықтығы 6-ға тең. Үшбұрыш жазықтығы α жазықтығымен $60°$ бұрыш жасаса, ABC үшбұрышының ауданын табыңыз.

Жауабы: $10\sqrt{3}$.

10. Жазықтықтан қашықтығы 30-ға тең нүктеден осы жазықтықпен $60°$ бұрыш жасайтын түзу жүргізілген. Көлбеудің және оның жазықтықтағы проекциясының ұзындығын есептеңіз.

Жауабы: $20\sqrt{3}$; $10\sqrt{3}$.

11. Үшбұрыштың қабырғалары 50; 58; 12. Оның жазықтығымен $60°$ бұрыш жасайтын жазықтықтағы оның проекциясының ауданын табыңыз.

Жауабы: 120.

12. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 3 және 6-ға тең, үшбұрыштың жазықтығы мен проекциясының арасындағы бұрыш $60°$. Проекциясының ауданын табыңыз.

Жауабы: 4,5.

В

13. $ABCD$ квадратының AD қабырғасы арқылы α жазықтығы өтеді және AB қабырғасымен синусы $\frac{\sqrt{6}}{2}$-ге тең бұрыш жасайды. BD квадратының диагоналімен осы жазықтықтың жасайтын бұрышын табыңыз.

Жауабы: $\arcsin\frac{\sqrt{3}}{4}$.

www.nismath.org

14. $ABCD$ – ромб, CK – ромбының жазықтығына перпендикуляр, мұндағы $CK=2\sqrt{3}$, $AB=4$ және $\angle BAD=60°$. ABK жазықтығымен ромбының жазықтығы арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $45°$.

15. ABC үшбұрышы, $\angle C=90°$, AC катетімен α жазықтығына тіреліп, онымен $45°$-тық екі жақты қырлы бұрыш жасайды. Катет $AC=2$, ал AB гипотенузасының BC катетіне қатынасы $3:1$ қатынасындай. B төбесінен α жазықтығына дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 0,5.

16. Қабырғалары $AB=9$; $BC=6$ және $AC=5$-ке тең ABC үшбұрышы берілген. Үшбұрыш жазықтығымен $45°$ бұрыш жасайтындай AC қабырғасы арқылы α жазықтығы өтеді. B төбесінен α жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 4.

17. $ABCD$ тетраэдрінде қабырғалардың ұзындықтары белгілі: $AB=14$, $DC=8$, $AC=BC=AD=BD=9$. AB қабырғасының екі жақты бұрышының шамасын табыңыз.

Жауабы: $90°$.

18. ABC және ABD үшбұрыштары – тең бүйірлі және $AC=BC=15$, $AB=18$, $\angle ADB=90°$. $CD=6$ болса, ABC және ABD жазықтықтары арасындағы бұрыштың косинусын табыңыз.

Жауабы: $\frac{7}{8}$.

19. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ – куб. DC_1 және CB_1 түзулері арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $60°$.

20. ABC үшбұрышы – тік бұрышты, $\angle C=90°$, DBE үшбұрышы – тең қабырғалы. AC және DE қабырғалары параллель және олардың арасындағы қашықтық $\sqrt{3}$, ал $BC=DE=2$ болса, үшбұрыштардың жазықтықтары арасындағы сызықтық бұрышты табыңыз.

Жауабы: $\arccos\frac{\sqrt{3}}{3}$.

www.nismath.org

21. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 7 және 24-ке тең. Тік бұрыштың төбесінен гипотенуза арқылы өтетін және үшбұрыштың жазықтығымен 30° бұрыш жасайтын жазықтыққа дейінгі қашықтықты анықтаңыз.

Жауабы: 3,36.

22. 60°-тық екі жақты бұрыштың ішінде алынған нүкте екі жағынан да қашықтығы a-ға тең. Берілген нүктеден екі жақты бұрыштың қырына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $2a$.

23. Үш жақты бұрыштың барлық жазық бұрыштары тік болып табылады. Оның жақтарынан 1; 2 және 2 қашықтықта орналасқан нүкте берілген. Бұрыштың төбесінен осы нүктеге дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 3.

24. DAB, DAC, ACB бұрыштары – тік, ал $AC=CB=5$, $DB=5\sqrt{5}$ болса, $ABCD$ тетраэдрының $ABCD$ екі жақты бұрышын табыңыз.

Жауабы: $60°$.

25. 120°-тық екі жақты бұрыштың ішінде әр жағынан a қашықтықта болатындай M нүктесі берілген. Осы нүктеден екі жақты бұрыштың қырына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $\frac{2a\sqrt{3}}{3}$.

26. ABM дұрыс үшбұрышының AM қабырғасы арқылы жазықтық жүргізілген. BD медианасы жазықтықпен 60° бұрыш жасайды. AB түзуі мен жазықтық арасындағы бұрыштың синусын табыңыз.

Жауабы: $\frac{3}{4}$.

27. Көлбеу жазықтықпен 45° бұрыш жасайды. Көлбеудің табаны арқылы көлбеудің проекциясымен 45° бұрыш жасайтын жазықтықта түзу жүргізілген. Осы түзу мен көлбеу арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $60°$.

www.nismath.org

28. Төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары өзара тең. Бүйір қыры мен пирамида табанының жазықтығы арасындағы бұрышты анықтаңыз.

Жауабы: $45°$.

29. Тең бүйірлі трапецияның табандары 10 және 34, ал биіктігі – 32., Трапецияның биіктігімен $60°$ бұрыш жасайтындай үлкен табан арқылы α жазықтығы жүргізілген. Трапецияның бүйір қабырғасының α жазықтығындағы проекциясын анықтаңыз.

Жауабы: 20.

30. Ромб жазықтығымен $60°$ жасайтындай ромбының жазықтығынан тыс жатқан K нүктесі арқылы ромб қабырғаларына перпендикуляр болатындай көлбеулер жүргізілген. Ромб диагональдары 15 және 20. K нүктесінен ромб жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $6\sqrt{3}$.

31. Жазықтықтан тыс жатқан нүктеден осы жазықтыққа перпендикуляр мен екі көлбеу жүргізілген, олардың біреуі жазықтықпен $30°$, ал екіншісі – $60°$ бұрышты жасайды. Жазықтықтағы осы көлбеулердің проекцияларының ұзындықтарының қосындысы 8. Көлбеулердің ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 4; $4\sqrt{3}$.

32. Екі жақты бұрыштың бір жағында екінші жағымен $30°$ бұрыш және екі жақты бұрыштың қырымен $45°$ бұрыш жасайтын түзу жүргізілген. Екі жақты бұрыштың шамасын табыңыз.

Жауабы: $45°$.

33. Тең бүйірлі тік бұрышты үшбұрыштың катеті берілген жазықтықта жатыр, ал гипотенузасы онымен $30°$ бұрыш жасайды. Осы жазықтықпен үшбұрыштың жазықтығы арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $45°$.

34. Тік бұрышты екі жақты бұрыштың қырындағы нүктеден жақтарында екі түзу жүргізілген, олардың әрқайсысы қырмен $45°$ бұрыш көлбеулеген. Осы түзулер арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $60°$.

www.nismath.org

35. ABC және ACD тең бүйірлі екі үшбұрыштың ортақ табаны AC қыры болатындай, екі жақты бұрыш $60°$, ал BC қабырғасы мен ACD жазықтығының арасындағы бұрыш $45°$. $BC=6$ болса, ABC үшбұрышының ауданын табыңыз.

Жауабы: $12\sqrt{2}$.

36. Үшбұрыштың қабырғалары 11; 13; 20. Үшбұрыш жазықтығына кіші бұрыштың төбесі арқылы перпендикуляр кесінді жүргізілген, ал оның жоғарғы ұшынан осы бұрышқа қарсы жатқан қабырғаға үшбұрыштың жазықтығымен $60°$ бұрыш жасайтындай перпендикуляр түсірілген. Үшбұрыш жазықтығына жүргізілген перпендикулярдың ұзындығын табыңыз.

Жауабы: $12\sqrt{3}$.

37. AB кесіндісінің ұштары тік бұрышты екі жақты бұрыштың жақтарында жатыр. A және B нүктелерінен екі жақты бұрыштың қырына AC және BD перпендикулярлары түсірілген. Егер $AB=7$, $DC=3$, $AC=2$ болса, BD-ны табыңыз.

Жауабы: 6.

38. Екі жақты бұрыштың ішінде жатқан K нүктесінен осы бұрыштың қырына KM перпендикуляры түсірілген. K нүктесінен жақтардың біріне дейінгі қашықтық осы жақтағы KM перпендикулярының проекциясына тең. KM кесіндісі оның екінші жағындағы проекциясынан екі есе артық. Екі жақты бұрыштың шамасын анықтаңыз.

Жауабы: $105°$.

39. ABC $(\angle C=90°)$ тік бұрышты үшбұрышының A төбесі арқылы BC түзуіне параллель α жазықтығы жүргізілген. AC катеті мен оның α жазықтығындағы проекциясы арасындағы бұрыш $60°$. $AC=10$, $BC=8$. α жазықтығындағы ABC үшбұрышының проекциясының периметрін есептеңіз.

Жауабы: $13+\sqrt{89}$.

40. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 7 және 24 тең. Тік бұрыштың төбесінен гипотенуза арқылы өтетін және үшбұрыштың жазықтығымен $30°$ бұрыш жасайтын жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $3\frac{9}{25}$.

9.2.1
www.nismath.org

1 – тобы. «Призма, параллелепипед, куб» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Дұрыс төртбұрышты призманың табанының ауданы 144, ал биіктігі 14-ке тең. Осы призманың диагоналін анықтаңыз.

Жауабы: 22.

2. Тік призманың табаны гипотенузасы $8\sqrt{2}$ -ге тең, тең бүйірлі тік бұрышты үшбұрыш. Катет арқылы өтетін бүйір жағының диагоналі 10-ға тең. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 192.

3. Дұрыс төртбұрышты призманың бүйір бетінің ауданы 32, ал толық бетінің ауданы 40. Биіктікті табыңыз.

Жауабы: 4.

4. Дұрыс төртбұрышты призманың көлемі 60, ал бүйір бетінің ауданы 120. Төменгі табанының симметрия центрінен жоғарғы табанының төбесіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{227}$.

5. Үшбұрышты көлбеу призманың бүйір қабырғалары арасындағы қашықтық 10; 17 және 21, ал бүйір қабырғасы 18. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 1 512.

6. Тік призманың табаны, төбесіндегі бұрышы $120°$ -қа тең бүйірлі үшбұрыш. Осы бұрышқа қарама–қарсы жағының диагоналінің ұзындығы 6 және табан жазықтығымен $60°$ бұрыш жасайды. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 6,75.

7. Тік призманың табаны сүйір бұрышы $60°$ -қа тең ромб, ромбының кіші диагоналі мен призманың кіші диагоналі арасындағы бұрыш та $60°$ -қа тең. Егер ромбының кіші диагоналі 6-ға тең болса, призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 324.

www.nismath.org

8. Тік призманың табаны тең бүйірлі тік бұрышты үшбұрыш. Тік бұрышқа қарама–қарсы жақтың диагоналі 4-ке тең және табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 6.

9. Тік призманың табаны – катеті 3 болатын және оған іргелес бұрышы 60° тік бұрышты үшбұрыш. Үшбұрыштың гипотенузасы жатқан бүйір жағының диагоналі 10-ға тең. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: $36\sqrt{3}$.

10. Тік параллелепипедтің табанының қабырғалары 8 және 4, ал арасындағы бұрыш 60°. Параллелепипедтің кіші диагоналі $8\sqrt{3}$. Осы диагональ табан жазықтығымен қандай бұрыш жасайды?

Жауабы: 60°.

11. Тік параллелепипедтің табанының қабырғалары 3 және 5, ал арасындағы бұрыш 60°, бүйір қабырғасы $7\sqrt{2}$. Параллелепипедтің үлкен диагоналі табан жазықтығымен қандай бұрыш жасайды?

Жауабы: $\operatorname{arctg}\sqrt{2}$.

12. Тік бұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын үш қабырғасының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қиғанда көлемі 6 болатын пирамида пайда болады. Параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: 288.

13. Тік параллелепипедтің бүйір қабырғасы 10-ға тең. Табанының үлкен диагоналі 9 және сол табанының 7-ге тең үлкен қабырғасымен синусы $\frac{4\sqrt{5}}{21}$ болатындай бұрыш жасайды. Параллелепипедтің бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 220.

14. Көлбеу параллелепипедтің табаны сүйір бұрышы 30° және қабырғасы 5-ке тең ромб. Бүйір қабырғасы $\frac{4}{\sqrt{3}}$ тең және 60° бұрышында табанның жазықтығына көлбеулеген. Параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: 25.

www.nismath.org

15. Тік параллелепипедтің табанының қабырғалары 6 және 10, табанының бұрыштарының бірі $60°$, параллелепипедтің кіші диагоналі табан жазықтығымен $30°$ бұрыш жасайды. Параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: $60\sqrt{19}$.

16. Тік параллелепипедтің әрбір қырының ұзындығы 6, оның табанының бұрыштарының бірі $30°$. Параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: 108.

17. Тік параллелепипедтің табандарының қабырғалары 6 және 8, ал параллелепипедтің диагональдары табандарымен $45°$ және $30°$ бұрыш көлбеулеген. Осы диагональдардың ұзындықтарын табыңыз.

Жауабы: 10; $10\sqrt{2}$.

18. Тік параллелепипедтің табанының қабырғалары 2 және 7, ал табанының бұрыштарының бірі $60°$. Параллелепипедтің кіші диагоналі 8. Параллелепипедтің бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 90.

19. Кубтың диагональ қимасының ауданы $8\sqrt{2}$. Кубтың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 48.

20. Кубтың көлемі $16\sqrt{2}$. Кубтың жағына сырттай сызылған шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 2.

21. Кубтың қыры a. Кубтың табан жазықтығымен куб диагоналінің арасындағы көлбеулік бұрышын табыңыз.

Жауабы: $\arcsin\frac{\sqrt{3}}{3}$.

22. Кубтың бетінің ауданы 54. Оның диагоналін табыңыз.

Жауабы: $3\sqrt{3}$.

www.nismath.org

B

23. Берілген тік бұрышты призманың барлық қырларының ұзындықтары бірдей. Призманың толық бетінің ауданы $12+24\sqrt{3}$. Призманың табанының ауданын табыңыз.

Жауабы: 6.

24. Үшбұрышты тік призманың табандарының қабырғалары 13; 14 және 15, ал бүйір қабырғасы табанының биіктігінің ұзындығы бойынша орташасына тең. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 1 008.

25. Тік призманың табанындағы ромбтың қабырғасы 12 және сүйір бұрышы $60°$. Ромбының кіші диагоналі арқылы перпендикуляр қима жүргізілген және оның ауданы 180. Осы призманың көлемін анықтаңыз.

Жауабы: $1080\sqrt{3}$.

26. Үшбұрышты тік призманың табанының ауданы 4, ал бүйір жақтарының аудандары 9; 10; 17. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 12.

27. Тік призманың табаны $ABCD$: $AB=CD=13$, $BC=11$, $AD=21$ тең бүйірлі трапециясы. Оның диагональ қимасының ауданы 180. Призманың толық бетінің ауданын есептеңіз.

Жауабы: 906.

28. Тік призманың табаны қабырғасы 5-ке тең дұрыс үшбұрыш. Төменгі табанының қабырғасының ортасы арқылы және оған қарсы жоғарғы табанының төбесі арқылы өтетін жазықтық табан жазықтығымен $45°$ бұрыш жасап көлбеулеген. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: 46,875.

29. Үшбұрышты тік призманың табанының қабырғалары 10; 13; 13. Ұзындығы 10-ға тең осы бүйір қырына қарсы жатқан қырдық ортасы мен төменгі табанының кіші қабырғасы арқылы өтетін жазықтықпен қиғандағы призманың қимасының ауданын табыңыз.

Жауабы: 65.

30. Диагоналі 14, бүйір жағының диагоналі 10-ға тең дұрыс төртбұрышты призманың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $32\sqrt{6}\left(\sqrt{6}+1\right)$.

www.nismath.org

31. Тік параллелепипедтің табаны ауданы 3-ке тең ромб, ал диагональ қималарының аудандары 3 және 2-ге тең. Көлемін табыңыз.

Жауабы: 3.

32. Тік бұрышты параллелепипедтің табанының қабырғаларының қатынасы 2:3 қатынасындай, ал диагональ қимасының ауданы 169-ға тең квадрат. Параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: 1 014.

33. Тік призманың табаны қабырғалары 9; 19 және 20 болатын үшбұрыш. Жоғарғы табанының үлкен бұрышының төбесінен төменгі табанының қарама–қарсы қабырғасына дейінгі қашықтыққа тең кесіндінің табан жазықтығымен көлбеулік бұрышы 30°. Призманың көлемін табыңыз.

Жауабы: $240\sqrt{3}$.

34. Тік бұрышты параллелепипедтің төменгі табанының диагоналі және оған қарама–қарсы жоғарғы табанының төбесі арқылы жазықтық жүргізілген. Пайда болған қима ауданы 20-ға тең үшбұрыш, ал қабырғасы $4\sqrt{2}$-ге тең квадрат параллелепипедтің табаны. Параллелепипедтің көлемін анықтаңыз.

Жауабы: 96.

35. Диагоналі мен бүйір жағының арасындағы бұрыш 30°, ал табаны қабырғасы $2\sqrt{2}$-ге тең квадрат болатын тік бұрышты параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: 32.

36. Жақтарының диагональдарының ұзындықтары 11; 19 және 20-ға тең тік бұрышты параллелепипедтің диагоналін табыңыз.

Жауабы: 21.

37. Тік параллелепипедтің табаны–периметрі 40-қа тең ромб. Параллелепипедтің бүйір қабырғасы 9, ал оның диагональдарының бірі 15. Параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: 864.

38. Тік бұрышты параллелепипедтің центрінен оның қырларына дейінгі қашықтықтары $\sqrt{13}$; $2\sqrt{5}$ және 5. Параллелепипедтің көлемін табыңыз.

Жауабы: 192.

www.nismath.org

39. Қыры a-ға тең кубтың жоғарғы табанының центрі, төменгі табанының қабырғаларының орталарымен қосылған және орталары бір-бірімен тізбектеліп қосылған. Пайда болған пирамиданың толық бетінің ауданын есептеңіз.

Жауабы: $2a^2$.

40. Табан жазықтығы мен қима жазықтығы арасындағы бұрыштың шамасы $30°$, ал кубтың қырының ұзындығы 5-ке тең болатындай, жоғарғы табанының қабырғасы арқылы өтетін жазықтықпен қиғандағы кубтың қимасының ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{50\sqrt{3}}{3}$.

9.2.2

2 – тобы. «Пирамида, қиық пирамида» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 6, ал апофема 6,5-ға тең. Осы пирамиданың табанының периметрін табыңыз.

Жауабы: 20.

2. Дұрыс пирамиданың бүйір бетінің ауданы 24, ал табанының ауданы 12-ге тең. Бүйір жақтары табанымен қандай бұрыш жасап көлбеулеген?

Жауабы: $60°$.

3. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың көлемі 48, ал биіктігі 4-ке тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 60.

4. Пирамиданың биіктігі 16. Табанының ауданы 512-ге тең. Ауданы 50 болатын табанына параллель қима табанынан қандай қашықтықта болады?

Жауабы: 11.

5. Пирамиданың табан диагоналі 6-ға тең квадрат. Бір бүйір қыры табанына перпендикуляр. Үлкен бүйір қырымен табанының арасындағы көлбеулік бұрышы $45°$. Пирамиданың көлемі қаншаға тең?

Жауабы: 36.

www.nismath.org

6. Үшбұрышты пирамиданың екі бүйір жағы өзара перпендикуляр. Осы жақтардың аудандары P және Q, ал олардың ортақ қабырғасының ұзындығы a. Пирамиданың көлемін анықтаңыз.

Жауабы: $\frac{2PQ}{3a}$.

7. Пирамиданың табаны қабырғалары 4 және 6-ға тең тік төртбұрыш. Бүйір қырларының әрқайсысы 7-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 48.

8. Пирамиданың табанына параллель қимасының жазықтығы пирамида биіктігін 1:1 қатынасында бөледі. Егер табанның ауданы 60-қа тең болса, қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 15.

9. Үшбұрышты пирамиданың бүйір қабырғалары өзара перпендикуляр, әрбір қыры 3-ке тең. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 4,5.

10. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың көлемі 20-ға тең, ал оның биіктігі 1-ге тең. Пирамиданың апофемасының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 4.

11. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі табанының қабырғасынан екі есе кіші. Пирамиданың бүйір жағы мен табан жазықтығы арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $60°$.

12. Барлық бүйір қырлары табан жазықтығына $45°$ бұрыш жасап көлбеулеген болса, ал табанының медианасы $6\sqrt{3}$-ке тең болса, дұрыс үшбұрышты пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 144.

13. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының биіктігі 3-ке тең, ал бүйір қыры пирамиданың биіктігімен $30°$ бұрыш жасайды. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 6.

www.nismath.org

14. Биіктігі $10\sqrt[4]{3}$-ке тең, ал табанының қабырғасы қыры болатындай екі жақты бұрышы $45°$-қа тең. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының ауданын табыңыз.

Жауабы: 900.

15. Үшбұрышты пирамиданың барлық бүйір қырлары табанының жазықтығымен $45°$ бұрыш жасайды. Егер оның табанының қабырғалары 20; 21 және 29-ға тең болса, пирамиданың биіктігін табыңыз.

Жауабы: 6.

16. Пирамиданың табаны қабырғалары 7; 10 және 13 болатын үшбұрыш. Пирамиданың биіктігі 4. Егер барлық бүйір қырлары табанының жазықтығына бірдей көлбеулеген болса, пирамида табанының екі жақты бұрышының шамасын табыңыз.

Жауабы: $60°$.

17. Пирамиданың табаны табандарының ұзындықтары 16 және 4 болатын тең бүйірлі трапеция. Оның әрбір бүйір жағы табанымен $60°$ бұрыш жасайтын болса, пирамиданың биіктігін табыңыз.

Жауабы: $4\sqrt{3}$.

18. Табанына параллель жазықтықпен қиғандағы пирамиданың қимасы, пирамиданың биіктігін төбесінен бастап 2:3 қатынасында бөледі. Пирамиданың табанының ауданы 360-қа тең. Оның қимасының ауданын табыңыз.

Жауабы: 57,6.

19. Пирамиданың табаны қабырғалары 5; 5 және 6 болатын үшбұрыш. Пирамиданың биіктігі, осы үшбұрышқа іштей сызылған дөңгелектің центрі арқылы өтеді және 2-ге тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 20.

20. Үшбұрышты пирамиданың төбесінің жазық бұрыштары тік, ал пирамиданың бүйір қырлары 5; 6; 7-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 35.

21. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 4 және 6-ға тең. Бүйір қыры үлкен табанмен $45°$-қа тең бұрыш жасайтын болса, диагональ қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 10.

www.nismath.org

22. Табандарының қабырғалары 14 және 10-ға тең, ал диагоналі 18-ге тең болатын, дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың биіктігін табыңыз.

Жауабы: 6.

23. Қиық пирамиданың табандары қабырғалары 2 және 6-ға тең дұрыс үшбұрыштар. Көлемі $52\sqrt{3}$-ке тең болса, осы пирамиданың биіктігін анықтаңыз.

Жауабы: 12.

B

24. Пирамиданың табаны қабырғасы 14 және сүйір бұрышы 60° болатын ромб. Пирамиданың табанының екі жақты бұрыштары 45°. Пирамиданың көлемін есептеңіз.

Жауабы: 343.

25. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының ауданы 36, ал оның бүйір бетінің ауданы 60. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 48.

26. Пирамиданың табаны қабырғалары 13; 14 және 15 болатын үшбұрыш. Бүйір жақтарының барлық биіктіктері 14-ке тең болса, пирамиданың биіктігін табыңыз.

Жауабы: $6\sqrt{5}$.

27. Биіктікті $3:2$ қатынасында бөлетін табанына параллель жазықтық пирамиданың көлемін қандай қатынаста бөледі?

Жауабы: $27:98$.

28. Пирамиданың табаны қабырғасы 6 және сүйір бұрышы 30°-қа тең ромб. Егер табанының әрбір екі жақты бұрышы 60°-қа тең болса, пирамиданың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 54.

29. $FABC$ үшбұрышты пирамиданың табаны қабырғасы $\sqrt{3}$-ке тең, $FA=\sqrt{3}$, ABC дұрыс үшбұрыш. Пирамиданың бүйір жақтарының аудандары тең. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{\sqrt{6}}{4}$.

www.nismath.org

30. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың 6-ға тең бүйір қыры оның табанымен 30° бұрыш жасап көлбеулеген. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{81\sqrt{3}}{4}$.

31. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі $2\sqrt{3}$ -ке тең, ал бүйір жағы табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайды. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 24.

32. Қырлары a -ға тең дұрыс тетраэдрдің көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{\sqrt{2}a^3}{12}$.

33. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың төбесінің жазық бұрышы 90° -қа тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданы 192-ге тең. Пирамиданың бүйір жағына сырттай салынған шеңбердің радиусын табыңыз.

Жауабы: 8.

34. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табан жазықтығы мен бүйір жағының арасындағы бұрыш 45°. Пирамиданың көлемі $\frac{1}{3}$ -ге тең. Пирамиданың табанының қабырғасын табыңыз.

Жауабы: 2.

35. Пирамиданың табаны диагональдары 6 және 8 болатын ромб. Пирамиданың биіктігі ромб диагональдарының қиылысу нүктесі арқылы өтеді және 1-ге тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 26.

36. Төртбұрышты пирамиданың барлық бүйір қырлары табан жазықтығына 60° бұрыш жасап көлбеулеген. Оның табаны үлкен бұрышы 120° -қа тең тең бүйірлі трапеция. Трапецияның диагоналі оның сүйір бұрышының биссектрисасы. Пирамиданың биіктігі $4\sqrt{3}$. Трапецияның үлкен табанын табыңыз.

Жауабы: 8.

37. Табан жазықтығымен бүйір қырының арасындағы бұрыш $\alpha = 30^\circ$ және диагональ қимасының ауданы $S = \sqrt{3}$ болатын дұрыс төртбұрышты пирамиданың көлемін анықтаңыз.

Жауабы: 2.

www.nismath.org

38. Пирамиданың табаны қабырғасы $\sqrt[4]{15}$ -ке тең дұрыс үшбұрыш. Бүйір қырларының бірі табанына перпендикуляр, ал қалған екеуі табан жазықтығымен $60°$ бұрыш жасап көлбеулеген. Пирамиданың үлкен бүйір жағының ауданын табыңыз.

Жауабы: 3,75.

39. Пирамиданың табаны ауданы 81-ге тең тік төртбұрыш. Екі бүйір жағы табан жазықтығына перпендикуляр, ал қалған екеуі онымен $30°$ және $60°$ бұрыш жасайды. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 243.

40. Табандары 10 және 20 болатын тең бүйірлі трапеция пирамиданың табаны болатын, ал бүйір жақтары табан жазықтығымен $60°$ -қа тең екі жақты бұрыштарды жасайтындай пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: $500\sqrt{3}$.

41. Пирамиданың табаны гипотенузасы c -ға тең тік бұрышты тең бүйірлі үшбұрыш. Пирамиданың әр қыры табан жазықтығымен $45°$ бұрыш жасап көлбеулеген. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{c^2}{4}\left(2+\sqrt{3}\right)$.

42. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының қабырғасы a -ға тең. Пирамиданың бүйір жағымен биіктігі арасындағы бұрыштың шамасы $30°$. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{3a^2\sqrt{3}}{4}$.

43. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі мен оның бүйір қырының арасындағы бұрыш $60°$. Оның биіктігі 10-ға тең болса, пирамиданың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $200\left(3+\sqrt{15}\right)$.

44. Пирамиданың табаны үлкен диагоналі 12 және сүйір бұрышы $60°$ болатын ромб. Пирамида табанының барлық екі жақты бұрыштары $45°$ -қа тең. Пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: $24\sqrt{3}$.

www.nismath.org

45. Дұрыс қиық пирамиданың табандары қабырғалары a және b $(a>b)$ болатын квадраттар. Бүйір қырлары табан жазықтығына α бұрыш жасап көлбеулеген. Табандарының қабырғаларының екі жақты бұрыштарының шамаларын анықтаңыз.

Жауабы: $\operatorname{arc\,tg}\left(\sqrt{2}\operatorname{tg}\alpha\right)$.

46. Үшбұрышты қиық пирамиданың биіктігі 10-ға тең. Бір табанының қабырғалары 27; 29 және 52, ал басқа табанының периметрі 72-ге тең. Қиық пирамиданың көлемін анықтаңыз.

Жауабы: 1900.

47. Қиық пирамиданың табандары сүйір бұрышы 60° болатын тік бұрышты үшбұрыштар. Осы үшбұрыштардың гипотенузалары 6 және 4-ке тең. Пирамиданың биіктігі $\sqrt{3}$. Қиық пирамиданың көлемін табыңыз.

Жауабы: 9,5.

48. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 4 және $4\sqrt{3}$-ке тең; бүйір жағы табан жазықтығына 60° бұрыш жасап көлбеулеген. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 128.

49. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғаларының қатынасы $3:2$ қатынасындай. Пирамиданың биіктігі 3-ке тең. Бүйір қыры табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайды. Пирамиданың көлемін табыңыз.

50. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың бүйір қыры $\sqrt{3}$-ке тең және табан жазықтығына 60° бұрыш жасап көлбеулеген. Пирамиданың диагоналі бүйір қырына перпендикуляр. Пирамиданың кіші табанының ауданын табыңыз.

Жауабы: 1,5.

9.3.1
www.nismath.org

§ 3. АЙНАЛУ ДЕНЕСІ

1 – тобы. «Цилиндр» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Цилиндрдің жазбасы қабырғасы $2\sqrt[3]{\pi}$-ге тең квадрат. Цилиндрдің көлемі қаншаға тең?

Жауабы: 2.

2. Цилиндрдің жазбасы диагоналі 8-ге тең және табанымен 30° бұрыш жасайтын тік төртбұрыш. Цилиндрдің көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{48}{\pi}$.

3. Цилиндрдің осьтік қимасының диагональдары 90° бұрыш жасап қиылысады. Бүйір бетінің ауданы 4π-ге тең болса, цилиндрдің биіктігін табыңыз.

Жауабы: 2.

4. Цилиндрдің осіне параллель қимасы табанындағы шеңберден 60°-тық доғаны қиып түседі. Цилиндрдің биіктігі h, ал табанының радиусы r-ге тең болса, қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: hr.

5. Цилиндрдің биіктігі 5-ке тең, осьтік қиманың диагоналі табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Цилиндрдің толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $37,5\pi$.

6. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданының, оның осьтік қимасының ауданына қатынасын табыңыз.

Жауабы: π.

7. Цилиндрдің осьтік қимасы – ауданы 100-ге тең квадрат. Цилиндрдің табанының ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 25π.

8. Цилиндрдің биіктігі 6-ға тең, ал табанының радиусы 5-ке тең. Одан қашықтығы 4-ке тең цилиндрдің осіне параллель жүргізілген қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 36.

www.nismath.org

9. Цилиндр табанының диаметрі 10-ға тең. Цилиндрдің осінен қашықтығы 3-ке тең цилиндрдің осіне параллель квадрат пішінді қима жүргізілген. Осы қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 64.

10. Цилиндрдің табанының радиусы төрт есе үлкейтіліп, ал биіктігі сонша есе кішірейтілді. Цилиндрдің көлемі қалай өзгереді?

Жауабы: 4 есе көбейеді.

11. Цилиндрдің табанының радиусы биіктігінен 3 есе кіші, ал толық бетінің ауданы 288π-ге тең. Цилиндрдің өлшемдерін табыңыз.

Жауабы: $r=6$, $h=18$.

12. Цилиндрдің осьтік қимасының ауданы $6\sqrt{\pi}$-ге тең, ал цилиндрдің табанының ауданы 25-ке тең. Цилиндрдің биіктігін табыңыз.

Жауабы: $0,6\pi$.

13. Цилиндрдің осьтік қимасының диагоналі табанының диаметрінен 25% артық. Табандарының центрлерінің ара қашықтығы 18-ге тең болса, цилиндрдің толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 720π.

14. Цилиндрдің осінен қашықтығы a-ға тең және оған параллель жазықтық табанындағы шеңберден $120°$-тық доғаны қиып түседі. Пайда болған қиманың диагоналі $4a$-ға тең. Цилиндрдің көлемін табыңыз.

Жауабы: $8\pi a^3$.

15. Цилиндрдің осіне параллель жазықтық одан 15-ке тең қашықтықта. Пайда болған қиманың диагоналі 20, ал цилиндрдің табанының радиусы 17-ге тең. Цилиндрдің көлемін табыңыз.

Жауабы: $3\,468\pi$.

16. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы S, ал табанындағы шеңбердің ұзындығы C-ға тең. Көлемді табыңыз.

Жауабы: $\frac{CS}{4\pi}$.

17. Цилиндрдің биіктігі табанындағы шеңбердің ұзындығына тең. Цилиндрдің көлемі $432\pi^2$-қа тең болса, табанының диаметрін табыңыз.

Жауабы: 12.

www.nismath.org

18. Ұштары цилиндрдің табандарының әртүрлі шеңберлерінде жатқан AB кесіндісі, цилиндрдің осін 30° бұрыш жасап қиып өтеді. AB кесіндісінің ұзындығы $4\sqrt{3}$ -ке тең болса, цилиндрдің көлемін табыңыз.

Жауабы: 18π.

19. Биіктігін 4-ке арттырса, көлемі 36π -ге артатындығы белгілі болса, биіктігі 5-ке тең цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 30π.

20. Цилиндрдің осьтік қимасы – квадрат, ал диагоналінің ұзындығы 20-ға тең. Цилиндрдің табанының радиусын табыңыз.

Жауабы: $5\sqrt{2}$.

21. Тік цилиндрдің осьтік қимасының ауданы 24-ке тең. Оның бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 24π.

22. Цилиндрдің табанының ауданының осьтік қиманың ауданына қатынасы $\pi:4$ қатынасындай. Осьтік қиманың диагональдары арасындағы бұрышты анықтаңыз.

Жауабы: 90°.

23. Қабырғасы 2-ге тең квадратты цилиндр пішініне келтіріп орады. Осы цилиндрдің табанының ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{\pi}$.

B

24. Цилиндрдің көлемі $\frac{9\pi}{4}$, ал жасаушысының ұзындығы 1-ге тең, цилиндрдің осіне параллель және одан $\sqrt{2}$ қашықтықта болатын қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 1.

25. Периметрі 24-ке тең және диагональдары арасындағы бұрыш 60° тік төртбұрыштың бір қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $144\pi\sqrt{3}\left(2-\sqrt{3}\right)$.

www.nismath.org

26. Цилиндрдің биіктігі оның радиусынан 2-ге кем. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы 160π-ге тең. Цилиндрдің осьтік қимасының ауданын табыңыз.

Жауабы: 160.

27. Төменгі табанының $4\sqrt{14}$-ке тең хордасы, төменгі табанының центрінен қашықтығы 5, ал жоғарғы табанының центрінен қашықтығы 13-ке тең. Цилиндрдің көлемін табыңыз.

Жауабы: 972π.

28. Цилиндр жасаушысы арқылы өзара перпендикуляр аудандары 16 және 30-ға тең екі қима жүргізілген. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 34π.

29. Екі цилиндрдің көлемдері бірдей. Осы цилиндрлардың биіктіктерінің ұзындықтарының қатынасы $4:9$ қатынасындай. Осы цилиндрлердің бүйір беттерінің аудандарының қатынасын табыңыз.

Жауабы: $2:3$.

30. Цилиндрдің бүйір жағының жазбасы диагоналі $AC=8$ болатын $ABCD$ тік төртбұрышы. Диагональдарының арасындағы бұрыш $30°$-қа тең болса, цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 16.

31. AB кесіндісі 13-ке тең, A және B нүктелері цилиндрдің әртүрлі табандарының шеңберлерінде жатыр. Егер оның биіктігі 5, ал табанының радиусы 10 болса, AB кесіндісінен цилиндрдің осіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 8.

32. Цилиндр жасаушысы арқылы өзара перпендикуляр аудандары 45 және 200-ге тең екі қима жүргізілген. Осьтік қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 205.

33. Цилиндрдің осьтік қимасының ауданы 212-ге тең. Цилиндр жасаушысы арқылы өзара перпендикуляр екі қима жүргізілген, олардың аудандарының қатынасы $28:45$ қатынасындай. Осы қималардың аудандарын табыңыз.

Жауабы: 112; 180.

www.nismath.org

34. Цилиндр жасаушысы арқылы арасындағы бұрыш 60° болатындай ABB_1A_1 және ACC_1A_1 қималары жүргізілген. Осы қималардың аудандары 420 және 100-ге тең. BCC_1B_1 қимасының ауданын есептеңіз.

Жауабы: 380.

35. Цилиндрдің биіктігі мен радиусы сәйкесінше 15 және 5-ке тең. $AB=17$ кесіндісінің ұштары цилиндрдің табандарының шеңберлерінде жатыр. Осы кесіндіден цилиндрдің осіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 3.

36. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы оның толық бетінің ауданының жартысын құрайды. Осьтік қиманың диагоналі d-ға тең, цилиндрдің толық бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $0{,}8\pi d^2$.

37. Цилиндрдің осьтік қимасының диагоналі цилиндрдің радиусынан 5,2 есе артық. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы 120-ға тең. Цилиндрдің толық бетінің ауданын есептеңіз.

Жауабы: 145.

38. Цилиндрдің осьтік қимасының диагональдарының қиылысу нүктесінен жасаушысы 60° бұрышында көрінеді. Табанының ауданы S. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $\dfrac{4S\sqrt{3}}{3}$.

39. Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы тік төртбұрыш. Оның қабырғаларының бірі екіншісінен екі есе артық. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы 20. Цилиндрдің толық бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $\dfrac{20(\pi+1)}{\pi}$.

40. Цилиндрдің биіктігі мен радиусы сәйкесінше 32 және 13-ке тең. Төбелері цилиндрдің табандарының шеңберлерінде жататындай, осы цилиндрге тік төртбұрыш іштей салынған. Тік төртбұрыштың қабырғаларының қатынасы 1:4 қатынасындай, тік төртбұрыштың ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 400.

9.3.2 www.nismath.org

2-топ. «Конус. Қиық конус» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Конустың биіктігі 5-ке тең. Конусты оның төбесінен қашықтығы 2-ге тең табанға параллель жазықтық қиып өтеді. Егер кішісінің көлемі 24-ке тең болса, үлкен конустың көлемі қаншаға тең?

Жауабы: 375.

2. Тік конустың биіктігі жасаушысынан 4 есе кіші, ал конустың табанының радиусы $3\sqrt{15}$. Конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: 135π.

3. Конустың жасаушысы 10, ал биіктігі – 8-ге тең. Конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: 96π.

4. Биіктігі 4-ке тең, ал осьтік қимасының төбесіндегі бұрышы $90°$. Конустың бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $16\sqrt{2}\pi$.

5. Конустың осьтік қимасының периметрі 24-ке тең, ал табан жазықтығымен жасаушының арасындағы бұрыш $60°$. Конустың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 48π.

6. Осьтік қимасының ауданы 32, ал биіктік пен жасаушысының арасындағы бұрыш $45°$. Конустың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $32\pi\left(1+\sqrt{2}\right)$.

7. Конустың көлемі $9\sqrt{3}\,\pi$-ге тең. Осьтік қимасы тең қабырғалы үшбұрыш болса, конустың биіктігін табыңыз.

Жауабы: $3\sqrt{3}$.

8. Конустың көлемі 16π-ге тең, ал оның биіктігінің ұзындығы 3-ке тең. Конустың бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 20π.

www.nismath.org

9. Конустың бүйір бетінің ауданы 36π-ге тең, ал конустың жасаушысы табанының радиусынан үш есе артық. Конустың көлемін анықтаңыз.

Жауабы: $16\sqrt{6}\pi$.

10. Конустың жасаушысының биіктігіне қатынасы $12:13$ қатынасындай. Оның көлемі 800π-ге тең, конустың толық бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 360π.

11. Конустың осьтік қимасы бұрышы $120°$-қа тең және қабырғалары 16-ға тең тең бүйірлі үшбұрыш. Конустың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $64\pi\left(3+2\sqrt{3}\right)$.

12. Конустың биіктігі 4, табанының радиусы 3, ал конустың бүйір бетін жазғанда пайда болған сектордың бұрышын табыңыз.

Жауабы: $216°$.

13. Конустың биіктігі 15, ал көлемі 320π-ге тең. Толық бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 200π.

14. Конустың биіктігінің жасаушысына қатынасы $35:37$ қатынасындай. Конустың бүйір бетінің ауданы 444π-ге тең. Осы конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: $1\,680\pi$.

15. Конустың биіктігі 12-ге тең, осьтік қимасының периметрі 36-ға тең. Конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: 100π.

16. Конустың екі жасаушысы арқылы жазықтық жүргізілген, ол табанынан $120°$ доғаны қиып өтеді. Егер конустың табанының радиусы 4-ке тең және қиманың жазықтығы табан жазықтығымен $45°$ бұрыш жасайтын болса, конустың бүйір бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $8\sqrt{5}\pi$.

www.nismath.org

17. Конустың бүйір бетінің ауданы оның табанының ауданынан екі есе артық. Конустың бүйір бетінің жазбасының бұрышын табыңыз.

Жауабы: $180°$.

18. Конустың жасаушысы мен биіктігі арасындағы бұрыш $30°$-қа тең. Егер конустың жасаушысы 12 болса, конустың көлемін есептеңіз.

Жауабы: $72\sqrt{3}\,\pi$.

19. Дөңгелек сектордың радиусы 6, ал оның бұрышы – $30°$. Сектор конустық бет болатындай оралған. Конустың табанының ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{\pi}{4}$.

20. Конустың табанының радиусы 12, жасаушысы – 40-қа тең. Конустың жазбасының бұрышын табыңыз.

Жауабы: $108°$.

21. Конустың табанының радиусы $\frac{1}{\sqrt{3}}$-ке тең. Конустың бүйір бетінің ауданы $\frac{\pi}{\sqrt{3}}$-ке тең болуы үшін, конустың жасаушысы мен табан жазықтығы арасындағы бұрыш қандай болуы қажет?

Жауабы: $\arccos\frac{1}{\sqrt{3}}$.

22. Егер конустың табанының радиусы 3, ал көлемі π болса, конустың жасаушысы мен оның биіктігі арасындағы α бұрышын табыңыз.

Жауабы: $\operatorname{arctg} 9$.

23. Қиық конустың табандарының радиустары 5 және 11, жасаушысы – 10-ға тең. Оның осьтік қимасының ауданын табыңыз.

Жауабы: 128.

24. Табандарының радиустары 3 және 5, ал жасаушысы 10 болса, қиық конустың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 114π.

www.nismath.org

25. Қиық конустың табандарының радиустары 1 және 9, ал жасаушысы 10-ға тең. Көлемін табыңыз.

Жауабы: 182π.

26. Табандары 13 және 18 болатын тік бұрышты трапецияның ұзындығы 12-ге тең кіші қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған қиық конустың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 896π.

27. Қиық конустың жасаушысы 8-ге тең және табан жазықтығымен $60°$ бұрыш жасап көлбеулеген. Осьтік қиманың диагоналі осы бұрышты қақ бөледі. Қиық конустың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 176π.

28. Қиық конустың табандарының радиустарының қатынасы 5:3 қатынасындай, жасаушысы 17, ал биіктігі – 15-ке тең. Табандарының радиустарын табыңыз.

Жауабы: 12; 20.

29. Қиық конустың табандарының радиустары 11 және 27-ге тең; жасаушысының биіктікке қатынасы 17:15 қатынасындай. Осьтік қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 1 140.

30. Табандарының радиустары 3 және 1-ге тең, ал жасаушысы төменгі табанмен $60°$ бұрыш жасап көлбеулеген болса, қиық конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{26\pi}{\sqrt{3}}$.

31. Қиық конустың осьтік қимасының орта сызығы 11, биіктігі – 8, ал табандарының радиустарының айырмасы – 3-ке тең. Қиық конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: 248π.

32. Қиық конустың осьтік қимасының диагоналі 17, биіктігі – 15 және табан жазықтығындағы проекциясы – 2-ге тең. Қиық конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: 245π.

www.nismath.org

В

33. Осьтік қимасының периметрі $\frac{64}{\sqrt{\pi}}$, ал бүйір бетінің жазбасының бұрышы $120°$ болса, конустың толық бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 256.

34. Конустың биіктігі $\sqrt[3]{\frac{24}{\pi}}$ -ге тең. Бүйір бетінің жазбасы центрлік бұрышы $120°$ болатын сектор. Конустың көлемін есептеңіз.

Жауабы: 1.

35. Конустың табанының $120°$-тық центрлік бұрышын керетін хордасы $6\sqrt{3}$ -ке тең және конустың төбесінен оның қашықтығы 5-ке тең. Конустың көлемін табыңыз.

Жауабы: 48π.

36. Конустың биіктігі 20, ал оның табанының радиусы 25. Конустың табанының центрінен қашықтығы 12-ге тең болатын конустың төбесі арқылы жүргізілген қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: 500.

37. Конустың төбесі арқылы табан жазықтығымен $45°$ бұрыш жасап, табанындағы шеңбердің төрттен бір бөлігін қиятын жазықтық жүргізілген. Конустың биіктігі 2-ге тең. Қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: $4\sqrt{2}$.

38. Конустың биіктігі 6, ал бүйір бетінің ауданы 24π. Конустың көлемін анықтаңыз.

Жауабы: 24π.

39. Олардың төбелері бір түзуде жатқан, бір-бірінен қашықтығы 12-ге тең, табандары ортақ екі конус бірі екіншісінің ішінде орналасқан. Бір конустың осьтік қимасының төбесіндегі бұрышы $120°$, ал басқасынікі $60°$ болса, осы конустардың конустық беттерімен шектелген дененің бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $72\pi\left(3+\sqrt{3}\right)$.

www.nismath.org

40. Конустың бетінде әрқайсысының ұзындығы 3-ке тең өзара перпендикуляр үш жасаушы жүргізілген. Конустың бүйір бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $3\sqrt{6}\,\pi$.

41. Конус және цилиндрдің табандары ортақ, ал конустың төбесі цилиндрдің басқа табанының центрінде жатыр. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы конустың бүйір бетінің ауданына тең. Конустың жасаушысы мен цилиндрдің жасаушысының арасындағы бұрышты табыңыз.

Жауабы: $60°$.

42. Қиық конустың табандарының радиустары 9 және 24-ке тең. Осьтік қиманың диагональдарының қиылысу нүктесінен конустың жасаушысы $60°$-пен көрінеді. Қиық конустың бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $462\sqrt{3}\,\pi$.

43. Табандарының радиустары 11 және 21, ал осьтік қимасының диагоналі 40, қиық конустың бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 832π.

44. Табандарының радиустары 7 және 8-ге тең қиық конус және соның биіктігіндей тең шамалас толық конус берілген. Толық конустың табанының радиусын табыңыз.

Жауабы: 13.

9.3.3

3–тобы. «Сфера, шар» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Шардың радиусының ортасы арқылы оған перпендикуляр жазықтық жүргізілген. Пайда болған қиманың ауданының үлкен дөңгелек қиманың ауданына қатынасын табыңыз.

Жауабы: $3:4$.

2. Шардың радиусы R. Радиустың ұшы арқылы онымен $60°$ бұрыш жасайтын жазықтық жүргізілген. Қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{4}\pi R^2$.

www.nismath.org

3. Радиусы R шар берілген. Оның бетінде жатқан бір нүктесі арқылы екі жазықтық: біріншісі – шарға жанама, екіншісі – біріншісімен $30°$ бұрыш жасайды. Қиманың ауданын табыңыз.

Жауабы: $\frac{1}{4}\pi R^2$.

4. Шардың бетінде үш нүкте берілген. Олардың арасындағы тік сызықты қашықтықтары 6; 8; 10. Шардың радиусы 13. Осы үш нүкте арқылы өтетін жазықтықтан шардың центріне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 12.

5. Шардың центрінен $\sqrt{5}$ қашықтықта болатын шар қимасының диаметрі 4-ке тең. Шардың бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 36π.

6. Шардың радиусының ұшы арқылы радиуспен $60°$ бұрыш жасайтын ауданы 16π-ге тең шардың қимасы жүргізілген. Шардың көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{2\,048}{3}\pi$.

7. Жұмыр шардың сыртқы диаметрі 18. Қабырғаларының қалыңдығы 3. Шар дайындалған материалдың көлемін табыңыз.

Жауабы: 684π.

8. Квадраттың барлық қабырғалары диаметрі 50 болатын сферамен жанасады, квадраттың қабырғасы 14-ке тең. Сфераның центрінен квадраттың жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 24.

9. Сфераның центрінен қашықтығы 8-ге тең жазықтық пен сфераның қиылысу сызығының ұзындығы 12π. Сфераның бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 400π.

10. Шардың диаметрі $2m$-ге тең. Диаметрдің ұшы арқылы онымен $45°$ бұрыш жасайтын жазықтық жүргізілген. Сфераның осы жазықтықпен қиылысу сызығының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{2}m\pi$.

www.nismath.org

11. Шарды жазықтықпен қиғандағы қиманың ауданы 25π-ге тең. OA шардың радиусы қиманың O_1A радиусымен косинусы $\frac{2}{3}$-ге тең бұрыш жасайды. Шардың радиусының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 7,5.

12. Шардың көлемі $\frac{32}{3}\pi$. Шардың толық бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: 16π.

13. Көлемі оның бетінің ауданы тең болатын шардың радиусын анықтаңыз.

Жауабы: 3.

14. Шардың қимасының ауданы 80π-ге тең. Қиюшы жазықтықтың шардың центрінен қашықтығы 8-ге тең. Шардың көлемін табыңыз.

Жауабы: $2\,304\pi$.

15. Сфера мен жазықтықтың қиылысу сызығының ұзындығы 12π. Сфераның диаметрі 16-ға тең, сфераның центрінен жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $2\sqrt{7}$.

16. Шардың екі қимасының жазықтықтары өзара перпендикуляр. Олардың бірі шардың центрі арқылы өтеді, ал екіншісінің одан қашықтығы 12-ге тең, қималардың ортақ хордасы 18-ге тең. Қималардың аудандарын табыңыз.

Жауабы: 225π; 81π.

17. Тік төртбұрыштың төбелері радиусы 10 болатын сферада жатыр. Оның диагоналі 16-ға тең болса, сфераның центрінен тік төртбұрыштың жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 6.

18. Сфераның радиусы 112-ге тең. Сфераға жанама жазықтықта жатқан нүктенің жанасу нүктесінен қашықтығы 15. Осы нүктеден сфераның оған ең жақын нүктесіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 1.

www.nismath.org

B

19. Шардың центрі арасында жатқан шарды қиятын екі параллель жазықтықтардың аудандары 144π және 25π. Егер параллель жазықтықтар арасындағы қашықтық 17-ге тең болса, шардың бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 676π.

20. Сфера қабырғасы 12-ге тең $ABCD$ квадратының төбелері арқылы өтеді. OD радиусы квадраттың жазықтығымен $60°$ бұрыш жасайтын болса, сфераның центрі O нүтесінен квадраттың жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $6\sqrt{6}$.

21. ABC үшбұрышының қабырғалары шармен жанасады. $AB=8$, $BC=10$, $AC=12$ және шардың O центрінен, ABC үшбұрышының жазықтығына дейінгі қашықтық $\sqrt{2}$-ге тең болса, шардың радиусын табыңыз.

Жауабы: 3.

22. Радиусы 1 болатын шойын өзекті қайтадан балқытып, жасаушысы $\sqrt{6}$ болатын тең шамалас конус жасалған. Егер ол 1-ден кем емес болса, конустың биіктігін табыңыз.

Жауабы: 2.

23. Көлемі 36π алюминий шарды қайта балқытып, жасаушысы $3\sqrt{5}$ болатын тең шамалас конус жасалған. 4-тен артық болмайтындай конустың биіктігін табыңыз.

Жауабы: 3.

24. Диаметрлері 9 болатын 125 бірдей шариктерді балқытып бір шар жасады. Пайда болған шардың радиусын анықтаңыз.

Жауабы: 22,5.

25. Шар қабатының табандарының радиустары 15 және 7-ге тең, шардың радиусы 25. Қималары шардың центрінің әртүрлі жақтарында орналасса, шар қабатының көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{60\,676\,\pi}{3}$.

www.nismath.org

26. Радиусы a болатын жарты шардың биіктігінің ортасы арқылы жарты шардың табанына параллель қима жүргізілген. Пайда болған шар қабатының көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{11}{24}\pi a^3$.

27. Шардың радиусы 3, ал табанындағы шеңберінің радиусы $\sqrt{5}$ болатын шар секторының көлемін табыңыз.

Жауабы: 6π.

28. Радиусы 13-ке тең шар берілген. Оның центрінен қашықтығы 4 және 12 болатын өзара перпендикуляр екі қима жүргізілген. Қималардың ортақ хордасының ұзындығын табыңыз.

Жауабы: 6.

29. Шар берілген. Оның центрінің бір жағында орналасқан радиустары 9 және 12-ге тең екі параллель қима жүргізілген. Қималардың жазықтықтары арасындағы қашықтық 3-ке тең болса, шардың көлемін табыңыз.

Жауабы: $4\,500\pi$.

30. Бірінің центрі екіншісінің бетінде жататындай радиусы R болатын екі бірдей шар орналасқан. Олардың беттері қиылысқанда пайда болған сызықтың ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: $\sqrt{3}R\pi$.

31. Центрлері арасындағы қашықтық 36-ға тең екі шардың радиустары 25 және 29. Олардың беттері қиылысқанда пайда болған сызықтың ұзындығын анықтаңыз.

Жауабы: 40π.

32. Үшбұрыштың қабырғалары: 13; 14; 15. Үшбұрыштың жазықтығынан үшбұрыштың қабырғалары жанасатын шардың центріне дейінгі қашықтықты табыңыз. Шардың радиусы 5.

Жауабы: 3.

33. Ромбтың диагональдары 15 және 20. Шардың беті оның барлық қабырғаларымен жанасады. Шардың радиусы 10. Оның центрінен ромбының жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңыз.

Жауабы: 8.

www.nismath.org

34. Радиусы 5 болатын шарға ромбтың 6-ға тең әр қабырғасы шарға жанасатындай етіп орналасқан. Ромб жазықтығымен шар центріне дейінгі қашықтық 4. Ромбының ауданын табыңыз.

Жауабы: 36.

35. Шардың шекарасы болып табылатын радиусы R сфераның нүктесі арқылы екі жазықтық жүргізілген, олардың біреуі сфераға жанама жазықтық болып табылады, ал екіншісі жанама жазықтықпен φ бұрыш жасап көлбеулеген. Осы шардың қимасының ауданын табыңыз.

Жауабы: $R^2 \sin^2 \varphi \pi$.

36. Сфера $120°$-тық екі жақты бұрыштың жақтарымен жанасады. Сфераның центрінен екі жақты бұрыштың қырына дейінгі қашықтық a-ға тең, жанасу нүктелері арасындағы қашықтықты табыңыз.

Жауабы: $\frac{\sqrt{3}}{2}a$.

9.3.4

4 – тобы. «Айналу денесі» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Қабырғалары $\sqrt{\frac{3}{\pi}}$ және $\sqrt{\frac{27}{\pi}}$-ге тең тік төртбұрышты кіші қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 72.

2. Гипотенузасы $3\sqrt{2}$ болатындай тең бүйірлі тік бұрышты үшбұрыштың катетіне қатысты айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңыз.

Жауабы: 9π.

3. Тік төртбұрыштың қабырғалары 1 және 2-ге тең. Осы қабырғалардан тұратын осьтерге қатысты тік төртбұрышты айналдыру кезінде пайда болған цилиндрлердің толық беттерінің аудандарының қатынасын есептеңіз.

Жауабы: 1:2.

www.nismath.org

4. a және b тік төртбұрыштың қабырғалары. b қабырғасына қатысты тік төртбұрышты айналдыру нәтижесінде пайда болған фигураның бүйір бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $2ab\pi$.

5. Тең қабырғалы үшбұрышты $a=\frac{2}{\sqrt[3]{\pi}}$ қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін табыңыз.

Жауабы: 2.

6. Тік бұрышты трапецияны параллель емес қабырғаларының кішісіне қатысты айналдырған. Трапецияның кіші табаны 2-ге тең, ал ұзындығы 12 болатын бүйір қабырғасы табанмен 60° бұрыш жасайтын болса, пайда болған айналу денесінің бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 188π.

В

7. Қабырғалары 10; 17 және 21 болатын үшбұрышты үлкен қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін табыңыз.

Жауабы: 448π.

8. Табаны 30, бүйір қабырғасы 25-ке тең тең бүйірлі үшбұрыштың бүйір қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған дененің көлемін табыңыз.

Жауабы: $4\,800\pi$.

9. Кіші диагоналі мен оның қабырғалары сәйкесінше 25; 17 және 28-ге тең параллелограмды үлкен қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $1\,350\pi$.

10. Қабырғасы a-ға тең квадраттың төбесі арқылы өтетін диагоналіне перпендикуляр оське қатысты айналдырғанда пайда болған дененің толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $4\sqrt{2}a^2\pi$.

www.nismath.org

11. 8-ге және 15-ке тең қабырғаларының арасындағы бұрышы $60°$ -қа тең үшбұрышты осы қабырғалардың үлкеніне қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің толық бетінің ауданын анықтаңыз.

Жауабы: $84\sqrt{3}\,\pi$.

12. Катеттері 5 және 12 болатын тік бұрышты үшбұрыш, үлкен сүйір бұрышының төбесі арқылы өтетін қарсы жатқан катетке параллель түзуге қатысты айналдырғанда пайда болған дененің толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 210π.

13. $NPKM$ ($MN \| KP$, $\angle N = 90°$) тік бұрышты трапециясын KP қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін табыңыз, мұндағы $KP = 2$, диагоналі $MP = 6$ және $\angle MPK = 60°$.

Жауабы: 72π.

14. Ауданы Q, ал үлкен қабырғасы a-ға тең параллелограмды осы қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін табыңыз.

Жауабы: $\dfrac{Q^2}{a}\pi$.

15. Катеттері 5 және 12-ге тең тік бұрышты үшбұрышты осінен қашықтығы 3-ке тең болатын үлкен катетке параллель сыртқы оське қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін анықтаңыз.

Жауабы: 280π.

16. $ABCD$ квадратын $(AB = 1)$ BD диагоналіне параллель C төбесі арқылы өтетін оське қатысты айналдырғанда пайда болған дененің көлемін табыңыз.

Жауабы: $\sqrt{2}\,\pi$.

17. Катеттері 16 және 12 болатын тік бұрышты үшбұрышты гипотенузасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $268{,}8\,\pi$.

www.nismath.org

18. Табандары 12 және 18-ге тең және сүйір бұрышы 60° болатын тең бүйірлі трапецияны кіші табанына қатысты айналдырғанда пайда болған дененің толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: $144\sqrt{3}\,\pi$.

19. Катеттері 3 және $\sqrt{3}$-ке тең тік бұрышты үшбұрышты гипотнузасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін табыңыз.

Жауабы: $\frac{3\sqrt{3}}{2}\pi$.

20. Бүйір қабырғасы 10 және төбесіндегі бұрышы 120° болатын тең бүйірлі үшбұрышты бүйір қабырғасына қатысты айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін табыңыз.

Жауабы: 250π.

9.3.5

5 – тобы. «Көпжақтар және айналу денелері» тақырыбына байланысты есептерді шешіңіз:

А

1. Қыры $\sqrt{2}$-ге тең куб шарға іштей салынған. Шардың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: 6π.

